



КӨКЕЙКЕСТІ

ҚОРДАЙ:

ТӨРТ АУЫЛДАҒЫ ТҮСІНІСТІК



Бауыржан Жуасбаев © 2020

СЕЙСЕНБІ

Біз Қордайға 11 ақпан күні бардық. Дүрбелең болған үш ауылға да ат басын бұрдық. Олар — Масаншы, Сортөбе және Ауқатты. Қираған үйлер мен өртенген көлік, бизнес орындары бүліктің алғашқы күнін көз алдыңызға әкеледі. Ауылдардың кіреберісіне арнайы күзет бекеті қойылған. Арнайы жасақ қызметкерлері келген-кеткен көлікті тоқтатып, тексеріп өткізіп жатыр. Бізді де тексеріп кіргізді.

Үш ауылда ең қатты бүлінгені — Масаншы. Елді мекеннің ортасынан өтетін негізгі жолдың бойындағы кафе, дүкен, сауда үйлері мен тұрғын үйлерді жалын шарпыған. Болжам бойынша, жаппай төбелес кезінде Масаншыдан шыққан топ ары қарай Ауқатты ауылына бет алыпты. Бірақ бұл ауыл қатты бүлінбепті. Көзімізге түскені — өртенген екі-үш үй

мен бірнеше көлік кана. Одан ары Сортөбеге соқтық. Нақты ақпаратқа қарағанда күштік құрылым төбелес шығарған топты Сортөбе ауылында тоқтатыпты. Жанжал сол жерде аяқталған.

Қазір арнайы штаб құрылып, комиссия жұмыс істеп жатыр. Бүлінген дүние-мүлік есептеліп, тұрғындардан жекелеген шағым қабылдануда. Штаб Сортөбе ауылына орналасқан. Біз барған бірінші күні сол жердегі төрт ауылдың ақсақалдары мешітке жиналды. Төртінші ауылдың Қаракемер екенін ескерте кетейін. Күн тәртібіндегі негізгі тақырып: бірінші жаппай төбелестен кейінгі бассыздықты болдырмау жолдары, екінші, дүрбелең неден туындағанын талдау.

(Жалғасы 4-бетте)

ПАРАДОКС

ТЕРІНІ 1000 ТЕҢГЕГЕ САТАМЫЗ, КИІМДІ 300 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ АЛАМЫЗ

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлік жүн өңдеу, тері илеу, киім-кешек өндірісін дамыту саласында алға баспай тұр. Тіпті елдің игілігі үшін үлкен шаруаны қолға алған азаматтарға кейде жергілікті әкім-қаралар тарапынан назар аударылмайтыны, кәсіпкерліктің одан әрі дамуына қолдау, көмек көрсетпейтіні өкінішті-ақ. Соның салдарынан кейде тасы өрге домалаған іргелі кәсіпорынның өзі банкротқа ұшырауда. Тіпті бір кездері елімізге ғана емес, қазіргі ТМД аумағында алдыңғы орында болған Семейдегі былғары және тері комбинаты туралы осыны айтуға болады.

Бұл комбинат осыған дейін әкім-қараларды ұйқысынан оятатын, бюджетке миллиардтап ақша түсіретін шаруаны бастаған. Мысалы, ауылда бір сиырдың терісі 1000 теңге тұрады. Ал оны өңдеп, 300 мың теңгенің бұйымын жасауға болады. Дәл осылай әрекет ету орнына біз теріні шетелге саудалап, одан жасалған түрлі бұйымды 300 есе қымбатқа сатып алып жатырмыз. Ойлаңызшы, бұл дүниенің бәрі отандық зауытта жасалса, қаншама қаражат үнемделер еді?!

Семейлік кәсіпкер Жұмағазы Рақымғалиев та еліміз үшін маңызды шаруаны қолға алған. Сәтті басталған істің жарты жолда тоқтап қаларын білмеппі. Халқымызға қалайда пайдам тисе, аса қат бұйым шығарып, бюджеттің бүйірін шығаруға өз үлесімді қоссам деген таза ниеті тал түсте ойран-асыр болды. Сөйтіп, жекеменшігіне алған Семейдегі былғары және тері



комбинаты еңбек көрігін қыздырып тұрған жерінен тоқтап қалды. Бұл туралы жанайқайын жеткізген кәсіпкер бізге берген сұхбатында былай дейді: «Президент стратегиялық маңызды бар кәсіпорындарды қолдауға тапсырма берсе де, мына үшінші деңгейлі шенеуніктердің не ойлайтынын білмеймін. Бұл тек менің ғана мұңым емес. Дәл осы сияқты қаншама кәсіпкерлердің ісі құрлымға кетіп, экономикамызға кері әсерін тигізуде. Егер біздің жоспарымыз іске асса, 2019 жылға дейін мемлекетке тек салық ретінде 45 млрд теңге төлеп, теріден 14 түрлі тауар жасайтын едік.

(Жалғасы 4-бетте)

СҰХБАТ

Елімізде жемқорлық мәселесі тыйылмай тұр. Жоғары-төменгі қызметтегілердің парамен ұсталғаны туралы ақпаратқа құлақ үйренгені соншалықты, еш мән бермейтін де болдық. Енді бұған қалай тосқауыл қоя аламыз? Бұл төңіректегі түйткіл жақында Мәжілісте қаралып, жемқорлықпен күрес туралы заңға өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылды. Осы орайда депутат Владислав Косарев заңды қатаңдату керектігіне тоқталды. Біз Владислав Борисовичпен қоғамның қас жауына айналған жемқорлықты жоюдың мүмкіндіктері төңірегінде сұхбаттастық.



ЖЕМҚОРДЫ АЯУҒА БОЛМАЙДЫ

Jas qazaq: Владислав Борисович, сіз жемқорлыққа қатысты жақсы мәселе көтердіңіз. Әсіресе сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтан өз жетістіктерін айтып, мақтана бермеуді өтіңіз. Шынында да, осындай мақтаншақтық біздің дамуымызға кедергі болып отырған жоқ па?

В.Косарев: Біріншіден, Jas qazaq газетінің оқырмандарымен амандасып алғым келеді. Сонымен қатар менің қызметімді бақылап отырған басылымға алғысымды білдіремін. Сөз басында ашып алғанымыз дұрыс, сіздің сауалыңыз Мәжілісте талқыға салынатын екі мәселені қозғайды. Біріншісі — жемқорлыққа қарсы заңға түзету енгізу, екіншісі — тұтынушылар құқығын қорғау. Екінші мәселені талқылау кезінде заң жобасын таныстырған сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев түскен пайданы әділетті бөлу керек деген сауалыма жауап берудің орнына, сәтті іске асқан жоба мен оң нәтижелер туралы айтты. Бірақ әдемі сандар мен сенімді есеп беру үнемі шындықты көрсете бермейді. Бұл жерде ауылда сиыр сауып, сүтін жинап тер төккен адам сүттің бір литріне 80-90 теңге алса, дүкендегі сүттің бағасы 200 теңгеден жоғары. Бұл жерде пайданы кім көп тапқаны көрініп тұр. Пайда өндірушіде емес екі арадағы делдалдарда. Ауылдық жердегі өндірушілер жердің 1,5 пайызын пайдаланып отырса да, ішкі нарықтың 75-85 пайызын сүт, етпен қамтамасыз етіп отыр. Олар малға беретін жемді өз бағасынан 8-10 есе қымбат бағаға сатып алады. Ал дәнді жемдер әлемдік нарықта 1,5-2 есе қымбат. Бұлай өндірісті дамытуға болмайды. Өйткені, олар күнін әрен көріп жүр, банкрот болып қалмау үшін банктер мен қаржы ұйымдарынан қарыз алады. Біздің мемлекеттік органдар әсірелеп айтуды, сіз жоғарыда айтқандай, бос мақтануды ментеріп алған. Мұндай құбылыс біздің дамуымызға кедергі келтіреді.

Jas qazaq: Біздің елде кез келген кәсіпорынның «крышасы» барын да ашық айттыңыз. Осыған қатысты мәселені кенірек әңгімелеп берсеңіз?

В.Косарев: Мен мұны ешкімге құпия емес деп ойлаймын. Ол үшін біздің шенеуніктерге жылы орындарынан тұрып, халықтың арасына барғаны жөн. Әр кездескен адам кімге не тиесілі, кім қалай пайда тауып отырғанын айтып береді. Қазір кәсіпорын ашу — қиынның қиыны. Қаншама кезеңнен өтуін керек, әрине, тегін емес. Ал егер көмек қолын созған адам болса, ол кәсіпорынды ұзақ жылға қарыз қылып қояды. Ал инвесторға қараңыздар, олар өз пайдасын жібермейді. Тіпті борышкерін қаржылай байлап қояды.

Jas qazaq: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ірі қылмыстарды ашып жатқанын айтады. Бірақ жемқорлар неге азаймай тұр?


В.Косарев: Біздің қоғамда жемқорлыққа қарсы агенттік жарнамалағандай, жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасты деп ойламаймын.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАҢҒЫРЫҚ

АЛТЫН ОРДА ТАҒЫЛЫМЫ

Алтын Орда бір орталықтанған мемлекет болды. Хан билігі құрылтай арқылы жүргізілді. Мұның өзі құрылтайдың қазіргі құқықтық мемлекеттердегі парламенттік басқару түріне жақын тұрғандығына көз жеткізеді. Қоғамды басқару заң, яғни «Яссы» арқылы іске асырылды. Заңның үстемдігі мойындалды, барлығы заңға жүгінді. Бұл дегеніңіз — қазіргі құқықтық мемлекеттің бастауы.



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
55,21

DOLLAR
376,20

EURO
410,77

РУБЛЬ
5,96

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕРЕГІ

(Жауапқа тартылған мемлекеттік қызметкер)

Шығыс Қазақстан облысы —	37
Түркістан облысы —	37
Жамбыл облысы —	30
Ақмола облысы —	19
Алматы және Қостанай облысы —	15
Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облысы —	14

САЛАЛАР БОЙЫНША

(Тіркелген қылмыс саны)

Білім беру —	54
Жер қатынастары —	29
Ауыл шаруашылығы —	27
Сәулет және құрылыс —	25
ТҚШ саласы —	19

Дереккөзі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция департаменті

БИЛІК

Елордалық кәсіпкер Жәнібек Сәрсенбаев деген жігіттің айына 600-700 белдік жасайтын шағын цехы барын оқып қалдым. Өнімім тек бөлшек саудаға шығарады екен. Ал көтерме бағада сатуға мүмкіндігі жоқ. Өйткені, дайын тері жоқ. Ал илеп, дайындау қымбатқа түседі. Есесіне, Қытай мен Түркиядан жеткізілетін белдіктің бағасы арзан. Жұрт та бірден арзан нәрсені таңдайтыны анық. Осы секілді жеке шаруамен айналысып, аяқ-киім, кейлек, көстөм тігіп жүрген кәсіп иелері баршылық. Олар да шикізат тапшылығынан бағаны шарықтатып отыр. Себебі неде?

парламенттік тыңдауға дайындық барысында талқыланды. Басқосуға тиісті министрлік өкілдері, былғары, аяқ-киім өндірісі кәсіпорындарының басшылары қатысып, аяқтан шалып отырған кедергілерді ортаға салды. Елімізде жергілікті тауар шығаруға барлық мүмкіндік барын алға тартқан Сенат төрайымы: «Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы дегеніміз — азаматтарымызды отандық өніммен қамтамасыз ету. Алайда ресурс жетіспейді. Жалпы, аталған саланы дамытудағы мемлекеттік стратегия жеткілікті деңгейде ойластырылмаған. Сондай-ақ біз ішкі нарықтың сапасыз өнімге толып кетуіне жайбарақат қараймыз», — деп. Бұл — шындық. Занды жолмен де, зансыз жолмен де жеткізілетін тауар

берген тапсырысын жиі өзгертеді. Мысалы, 2016 қорғаныс министрлігімен бірлескен келісімге қол қойдық. Алғашқы келісімшарт 3 жылға жасалды. 3,5 млрд тенге қосымша инвестиция бөлінді. Заманауи құрал-жабдық сатып алдық. Өндірісті кеңейттік. Арada екі жыл өткенде министрлік тапсырысқа өзгеріс енгізді. Киім-кешек 100 пайыз мақта емес, аралас матадан тігілгенін дұрыс көріпті. Бұл талап біздің жұмысымызға



Әлеумет.т⁰ ЗАҢҒА БАҒЫНУ

Кайбір жылы бізден Америкаға барған бір жігіт полиция қызметкеріне жұдырығын ала жүгірді. Ұрып та үлгермеді. Тәртіп сақшысы атып салды. Сабырға шақырып, тыныштандыруды да жөн көрмеді. Американ соты полицейді кісі өлімі үшін жауапқа тартпады. Адам құқығын қорғайтын ұйымдар да үнсіз қалды. Ал біздегі кейбір белсенділер «Америка еркіндік мекені. Адам құқығын қорғау мемлекеттің басты құндылығы емес пе еді?» — деп түсінбей жатты. Тіпті «Біздің құзырлы орындар қайда қарап отыр?» дейтіндер де табылды. АҚШ ресми өкілдері оның себебін бір ауыз сөзбен түсіндірді: қызмет бабымен жүрген полицияны заң қорғайды. Яғни, тәртіп сақшысына шабуыл жасалса, ескерту жасамай-ақ, оқ атуға рұқсат бар. Сондықтан кез келген азамат заңды сыйлап қана қоймай, оған бағынуы тиіс.

Қордайда бұзақылар полицияға жай ғана доқ көрсетпеді. Қол көтеріп, төмпештеді. Қызмет көлігіне тас лақтырды. Тосын оқиға ашы шындықты жайып салды. Бәрі алақандағыдай көрінетін ауылдың өзінде мемлекеттің заңын сыйламайтын, оған бағынғысы келмейтіндер бар болып шықты. Одан да сорақысы, сол таяқ жеген тәртіп сақшыларының өзін кінәлі етіп көрсетуден тайынбайтындар да табылды.

Мемлекеттің мықтылығы сол елдегі занның баршаға ортақ әрі мұлтіксіз орындалуына байланысты. Сол Америкада ешкім еркіндік елінде жүрмін деп тентектік жасай алмайды. Заң тезге салады, тәубеге келтіреді. Азаматтардың конституциялық құқығына қоса, бұлжытпай орындауға тиіс міндеттемесі бар екенін де қаперге салып отырады. Бірақ бұдан Батыс барлық елдердің заңына құрметпен қарайды деуге тағы келмейді. Кайсыбір елде әлдебір қоғам белсендісі заңды көпе-көрнеу бұзып жатса да, «Адам құқығы аяққа басылды» деп дабыл қағады. Мұны мамандар сол елге саяси қысым жасаудың бір амалы деп есептейді.

Сонғы жылдары, өкінішке қарай, біздегі әлеуметтік желі қалыптастырған қоғамдық пікір кісі қахысын көбірек күйттеп, оның мемлекет пен заң алдында, тіпті отбасы - ошақ қасындағы міндеттемесі жөнінде айтқысы келмейді. Еңбек етіп, бала-шағасын асыраудың орнына мемлекеттің жәрдемақысына ауыз ашып отыратын, дені сау, қол-аяғы бүтін, байбаламшыл еркекке көбірек жаны аштығын сияқты. Тағы бір мысал. Бұдан біраз бұрын тепсе темір үзетін бозбала сенім-нанымын көлденең тартып, әскери борышын өтегісі келмейтінін білдіріпті. Сол екен, батысшыл хабар-ошар құралдары әлгілердің «діни сеніміне қысым жасалып жатыр» деп шулап қоя берді. Айқайға кику қосқан жергілікті белсенділер мен блогерлер жоқ жерден «сенсация тауып», жалаулатып ала жөнелді. Ал мемлекеттің жалпыға міндетті әскери борыш туралы заңы бар емес пе? Мемлекет заңның орындалуын қадағалап, солқылдақтық танытпай, қажет жағдайда мәжбүрлеу амалына жүгінуі тиіс. Сондай мемлекет қана мығым, тұрғындар сондай елдің заңын құрметтейді.



Срайыл СМАЙЫЛ



кері әсер етті», — дейді.

Ал енді кәсіпкер 1 млн 200 мың долларға сатып алған құрал-жабдығының қаражатын қалай қайтарады? 60 мың метр матаны қайда қояды? Одан қала берсе, тапсырыс берушілер өнімді өндіруге жұмсалатын уақытты есептемей, оны қысқа мерзімде жеткізу талабын қояды. Тіпті мемлекеттік қорғаныс тапсырысына қатысты заңнама отандық өндірілген шикізатты қолдануды міндеттемейтіні де қолдан келергі жасағандай боп тұр. Тапсырыс беруге жарияланатын байқау уақыты мен шарты да нақтыланбайды. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін Д. Назарбаева тиісті заңдарға өзгеріс енгізуді ұсынды. «Мемлекеттік тапсырыс туралы хабарландыру жариялап, оны арзан бағамен сатып алумен шектеліп, ішкі мекемеаралық сұрақтарды ғана шешіп қоймай қажет. Тапсырысқа бөлінген қаражат, біздің экономикамызға жұмыс істеп, өз кәсіпкерлеріміздің аяғына тік тұруына жұмыс істеуі тиіс», — дей келе, ол бұл қиындықтан шығудың бірден-бір жолы жаңа ереже қабылдау екенін айтты.

Сондай-ақ жиынға қатысушылар жеңіл өнеркәсіп өкілдері техникалық талаптардың көрсетілуі және оны тапсырыс берген соң өзгертпеу керектігін құлаққағыс жасады. Одан бөлек, шикізат бойынша да кезек күтірмес мәселелер тұр. Отандық жеңіл өнеркәсіптің жолын ашу үшін бұл мәселе Парламентті алдағы уақытта тағы пысықталады.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Аптаның айтары

Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Елімізде отандастарымыздың басым бөлігі, тіпті жұмысы болса да кәдейіліктен құтыла алмай жүр. Үкімет ұсынған іс-шаралар жеткіліксіз. Тұрғындар оң өзгерісті нақты сезінуі үшін реформа жартыкеш емес, шынайы болуы тиіс. Орташа айлық көрсеткіші шартты математикалық өлшем ғана. Ол өмірді шынайы көрсетпейді. Қоғамда адамдардың тапқан табысы бойынша арақашықтық ұлғайып барады. Бұл шаруашылық деңгейдегі лауазымынан, өртүрлі қызметтен, қала мен ауыл, аймақтар арасындағы алшақтықтан байқалады».



Сөз-Жебе

Серік АҚЫЛБАЙ,
әділет министрлігі
жанындағы қоғамдық
кеңес төрағасы:



«Мен өзім судья болдым, бұрынғы сенатормын. Әріптестер дұрыс айтады. Мәжілісте, әсіресе Сенатта өмірлік тәжірибесі бар адамдар отыру тиіс. Неге біз 29 жасқа қадалып қалдық? Нақты негіз де жоқ. Осы мәселеге жүйелі түрде қарсу қажет. Мәселен, Мәжілісте отырған 29 жастағы «бала» халықпен кездесті дейік. Ал оның барлық сұраққа жауап беруге тәжірибесі жете ме? Мен өзім 60 жасымда барлық сұраққа жауап бере алмадым. Меніңше, біздің заң шығару органымызды балабақшаға айналдыруға болмайды. Жас ерекшелігін 35 жасқа дейін көтерген дұрыс».

Сандар сөйлейді

БЖЗҚ:

174 000

зейнет жасына толған азаматтар зейнетақы алу үшін өтініш бермеген

1,7 млрд

теңге Қордайдағы қақтығыс кезінде келтірілген шығын көлемі



ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫ

(қаңтар, 2020 жыл)

	2019/12	2019/11	2018/12	Бір айдағы өсім	Бір жылдағы өсім
Дәруменді дәрі-дәрмек (10 талы)	425	422	390	0,8%	8,9%
Мақта (100 гр)	248	246	229	0,8%	8,3%
Антисептик (10мл)	86	86	80	0,6%	7,3%
Корвалол (15мл)	85	85	80	0,1%	6,0%
Медициналық дәке (1 талы)	66	66	63	0,4%	5,3%
Ампициллин (10 талы)	140	140	137	0,2%	2,3%

Дереккөзі: stat.gov.kz

Анық-қанық

ӨЗ ЕЛІНДЕ ОҚИДЫ

Өзбекстан билігі Қазақстан мен Тәжікстанда және жалпы шетелде білім алатын жастарды елге шақырып жатыр.



Centralasian.org порталының хабарына қарағанда, бір Шымкенттің өзінде 15 мың өзбек қыз-жігіттері білім алды. Қазір жүздеген жас білім ордаларынан құжатын алу-да. Олар өз елінде ЖОО-ларға емтихансыз қабылданады. Қазақстандық жоғары оқу орындары өзбек студенттері үшін тиісті құжаттарын дайындап беруде. Алайда жастардың Қазақстанға қайта келіп оқуына да мүмкіндігі бар. Еліміздің сыртқы істер министрлігі осы мәселеге қатысты берген түсініктемеде өзбек қыз-жігіттерінің еліне оралуына білім жүйесінде жасалып жатқан реформа ықпал еткені айтылады. Өйткені, ел үкіметі шетелде оқуын тастап келген жастарға қосымша жағдай жасамақшы. Яғни квота мен грант саны көбейтіледі.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Үш таған

Жамбыл облысының Қордай ауданындағы жаппай тәртіпсіздік жұрттың жанына батты. Ауызбірлік пен ынтымақ сынға түсті. Болашақта мұндай кесепат қайталанбауы үшін не істеу керек? Қоғамда қызу талқыланып жатқан тақырып осы төңіректе.

Қордайдағы оқиға бәріміз үшін сабақ болуы тиіс. Жұртты дүрліктірген оқиға жөнінде пікір білдірген қоғам қайраткерлерінің пікірі осыған келіп саяды. Біз осы орайда сарапшылардың пікірін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



Нүртөре ЖҮСІП,
Сенат депутаты:

ҚАЗАҚ БОЛАЙЫҚ!

Біз елдік, мемлекетшілдік құндылықтарды бірінші кезекке шығара алмай келеміз. Ел болған соң телі мен тентек болмай тұрмайды. Тезге салатын кім? Мемлекет! Дауласуға болады. Айтысайық. Тартысайық. Қызыл кеңірдек болып, өз пікірімізді дәлелдеуге тырысайық. Тіпті жағаласайық... Жауласуға болмайды! Жағалассак та жаға жыртасуға, оның артынан адам өлтіруге болмайды. Айтысып, тартысып, келіп-келіп қай жерде тоқтауымыз керек? Мемлекет деген жерде! Қазақ мемлекеті болмаса — біз кіміз? Кімге сөзіміз жүргендей? Кімге басымызды көтеріп, кімге тура қарай алғандаймыз? Еңсемізді осы ел — өз мемлекетіміз үшін көтеріп жүрген жоқпыз ба?

Бәріміз үшін ең қымбат құндылық — Қазақ елін, қазақ мемлекеттілігін жоғалтып алмауды ойласақ. Осы қаперде тұрса! Айналамыздағы мысықтылеу мемлекеттердің ойыншығына айналып кетпеудің амалын жасасак. Бір мезет бәріміз тоқтасак. Ойлансак. Ары қарай қалай болады? Қираған дүние-мүлік қалпына келер. Алан көңіл басылар. Тыныштық орнар. Төгілген қанның өтеуі қайтсе табылалы? Тыныштықтың керегі жоқ па бізге? Дұрдараз қауым қайта жараса ма? Әлде ырын-жырын жалғаса бере ме? Береке мен бірлік — Мемлекеттің мемлекеттік тілінде! Бір тілде сөйлейтін, бір тілде түсінісетін қоғамды орнықтыра алмасак, Абай айтқан «бас-басына би болған өңкей кикім» деңгейінен аса алмаймыз. Қазақ — төзімді, шыдамды ұлт. Талай қиындыққа шыдалық. Намыстан жаралған халықпыз. Ендігі таңда елдік намыс жолында болайық! «Жалқау қазақ, бейкам қазақ, епсіз қазақ» деген сөз келтірмейік! «Жауыз қазақ» деген жаман атқа қалмайық! Бірінші кезекте әр қазақтың баласы өз отбасын дұрыстауға ұмтылса деймін: ұлын бетімен кетпесін, қызын шектен шықпасын, үлкеннің сөзі аяқ астында қалмасын; мынау жалпақ елді толтыратын ұрпақ жалғассын, солардың дені сау, білімді, иманды болып өсуін қадағаласын; әр әулет тіршілік көзін — кәсібін, нәсібін тек еңбектен тапсын; атқа мінген азаматтарды аяқтан шалудан, айтқакқа еруден, қызылкөз қызғаныштан, дабыра мен даңғазадан, ысырап пен қанағатсыздықтан сақ болсак! Бір-бірімізге тек «болсын» деген мақала жазып едім. Мынадай сабырдың суы саркылып, абыр-дабырдың ахуалы орнығып тұрған шақта сол сөзімді тағы да қайталағым келеді. Өзімізді елдің қоры деп сезінбейік. Өзімізді елдің зоры деп те сезінбейік. Қазақ болайық!



Айдос САРЫМ, саясаттанушы:

ӘРБІР МИНУТЫН
ЗЕРТТЕУІМІЗ КЕРЕК

Болған оқиғаны өте үлкен қасірет деуге болады, ол енді қайталанбауы керек. Біз қиын кезеңде өмір сүрудеміз, қоғам әрдайым дамылсыз өзгеріс үстінде. Әлемде тұрақты ешнәрсе жоқ, бәрі өзгереді. Біз ескінің қалдығы болған ұрандарды ұстанбай, еліміз бен қоғамымызды зерттеуіміз керек. Болған оқиға көрсеткендей, осындай жағдайда орын алған кез келген қактығысқа ішкі ойыншылар, нақұрыстар мен арандатушылар араласқаннан кейін этносаралық немесе конфессияаралық деңгейге дейін көтеріліп кетуі мүмкін.

Біз барлық жалған тыныштықтан айырылып, бір сәтте бетперделердің шешілгенін көрдік. Сондықтан, менің ойымша, қаза болғандарды, жерлеп, жараланғандарды емдеуіміз керек, бірақ ең бастысы ойлануымыз қажет. Тек халық дипломатиясының құралдарын ғана емес, әлеуметтану, психология, жанжалтану секілді гуманитарлық ғылымдардың өкілдерін тартып, қактығыс процесінің әрбір минутын жан-жақты зерттеуіміз керек. Бұл мәселе тек соңғы екі-үш күнде емес, бұдан да ертеде басталған еді.

Мемлекеттік органдарды, ішкі саясатты, соның ішінде Ассамблея институттарын қайта құрылымдау керек.

Қиындықты шешудің оңай жолы болмайды. Мәселені жан-жақты ойланып, талдау, түсіну — бір күннің еншісіндегі жұмыс емес. Саперлер баяу жұмыс істейді, ақымактар ғана асығып, олардың алдына түседі деген сөз бар ғой. Қазіргі міндет түсінікті: тыныштық орнату. Ары қарай ұзақ уақытқа созылатын әділ де адал жұмыс жүргізілуі керек.



KÓKEIKESTI



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Ермек ТҰРСЫНОВ, кинорежиссер:

КЕЗЕКСІЗ МИКРОФОН,
РЕДАКТУРАСЫЗ ҰРАН

— Әй, бала, — деуші еді ұстазым (Герольд Бельгер — Е.Т.), — есінде болсын, жаман халық болмайды, жаман адам болады. Табиғатта да солай емес пе: гүл бар жерде арамшөп те бар. Ал арамшөп кез келген жерде өседі.

Әлеуметтік желідегі байбалам мен кейбір «арамшөптердің» адам қайғысын желеулетіп ұпай жинап жатқанына қарап, Герағаның айтқаны дұрыс екеніне тағы да көз жеткіздім. Жаман ұлт болмайды, жекелеген кейіпкерлер бар. Жексұрын! Адам емес! Ең өкініштісі, ондайлар барлық жерде өмір сүреді. Қазір арандатып жатқан да дәл солар. Отқа май құйып, шірік идеяларымен «аттандай» түседі.

Иә, бәлкім, біреулердің қаны басына бір-ақ шықты. Бірақ қайткенде де, арандатушылардың болғаны хақ. Ендігі жерде ақылды адамның ашуын басып, сөзге құлақ асқаны жөн. «Қазақ сөзге тоқтаған халық» демеуші ме еді? Менінше, бұл тек қазақтарға ғана емес, осында өмір сүретіндердің бәріне қатысты.

Бүгін бүкіл әлем коронавирустың таралуына үрейленіп отырғанда, мені біздің еліміздегі маргиналдық көңіл-күй көбірек аландатады. Мәдениеттің жаппай құлдырауы барлық нәрсеге әсерін тигізді. Біздің заман маргинал дәуірі ретінде есте қалады. Олар барлық салада. Саясатта, бизнесте, мәдениетте, тіпті ғылымда да. Бандерлогтардың жан басына шаққандағы саны шектен асып кетті. Біз бір жабайылықтан екіншісіне өттік. Мұндай жағдайда қой қойшыны құдай деп, ешкіні оның өкілі санайды. Ал ешкіге бәрібір. Ол жайылымға ғана емес, қырғын сойқанға да бастауы мүмкін. Осыны жадымызда сақтайық.

Шынымды айтсам, біздің күнделікті тіршіліктен жанашырлық, аяушылық, ізгілік, қайырымдылық сияқты ұғымдардың жойыла бастағанына шошына қараймын. Өмірден олар жоғалса, адамның санасынан да өшеді. Бүгін біздің бойымыздағы еститін, көретін, түйсініп сезетін сенсорлық каналдар толассыз шумен бітеліп қалған. Әлеуметтік желі деген не? Кезексіз микрофон. Редактурасыз ұрандар. Бәрі бір мезетте, әрі тамағын жыртып, айқайлап сөйлейді! Азан-қазан. Бірденені ұғу мүмкін емес. Кезінде Александр Дюма «Айналада қуыс кеуде көп болған сайын, олардың шуынан құлақ тұнады» деп еді. Міне, осындай шудың ішінде өзімді еститіндерге қаратып айтқым келеді.

Қазір жүрегіміз үнсіз, ал аузымыз жабылмайды. Тіл құрғыр «батыр, өжет, қайсар, жемісті, жанашыл және тағы басқа болу керек» деп сайрайды. Бірақ ешкім де ақылды, ізгі, қайырымды, ризашыл болу керек демейді. Бұлар тек ислам немесе христиан уағызы емес. Бұл — жалпыға бірдей мызғымас қағида.

Неліктен сүйіспеншілік (*мхаббат*) пен қайырымдылық? Себебі олар біріктіреді. Менің еркімде болса, жұлдызсымактардың әбден мезі болған телевизиялық шоуларын танертенге ауыстырып, прайм-таймды мүгедек балаларға арнайтын едім. Инстаграм мен Фейсбуктегі түкке тұрмайтын біреулердің жеке өмірін тәптіштейтін сандырақтың бәрін өшіріп, оның орнын онкологиялық кеселге ұшыраған науқастың тіршілігі туралы мазмұнды әнгімемен толтырар едім. Не болмаса, микрофонды паралимпиадашыларға ұстатып, күнделікті емен-жарқын әнгіме-дүкен құратын едім. Мәселен, мүмкіндігініңін шектелуі адам қалпында қалуға қалай көмектесетінін білгім келеді.

Сондықтан адам қалпымызды сақтайық. Фазыл Искандер «Адам парасатты болуы керек. Бұл қандай да билік кезінде жүзеге асады. Парасаттылық батыр болу емес, аярлық жасамау дегенді білдіреді» деген.

Тырысып көрейікші. Біз осында өмір сүреміз. Балалар бен немерелерімізді өсіруіміз керек. Қандай ұлттың өкілі екеніміз маңызды емес. Біз — әр түрліміз. Бірақ бәріміз бірдейміз.

Сұхбат

(Басы
1-бетте)

ЖЕМҚОРДЫ
АЯУҒА
БОЛМАЙДЫ

Жемқорлық — қауіпті деп айтуымыз бір бөлек, ал оған жол ашып жағдайын жасап беру бір бөлек әңгіме. Бізде қалай болатынын қараныз. Алдымен, ұры шендіні ұстаймыз. Ол кінәсін мойындап, айыппұл төлейді. Болмаса 1-2 жыл отырып, бостандыққа шығады. Сондай-ақ қоғамда жемқорларды беделді, табысты батырға айналдыру үрдіске айналды. Өйткені, ол жазасын өтесе де, өзінің бай-қуатты өмірін жалғастыра береді. Біздің елде жемқорлыққа қарсы заң барынша қатал. Бірақ жемқорлар мен қазынаға қол сұққандар азаймай отыр. Оларды ауқымды айыппұл мен ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы да қорқытпайды. Жемқорлықты азайту үшін бұл құбылысқа қатысты көзқарасымызды өзгертуіміз керек деп ойлаймын. Жемқордың мойындауы нақты салдарға әкелмейді, оларды қоғамның сатқыны етіп көрсетуіміз керек. Ол үшін жемқорды Отанын сатқандармен теңестіру керек.

Жас qazaq: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша түзетулерді таныстыру кезінде «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық құжаттарды бірінші рет қабылдап отырған жоқпыз. Менің ойымша, егер де коррупциямен күресетін органдар кімнің кімге сыйлық бергенін және кімге қонаққа барғанын қадағалап отыратын болса, ондай органдар өздерін жоғалтады» дедіңіз. Бұл тіпті ұсақталып кеткенімізді білдірмей ме?

В.Косарев: Сіз менің келтірген мысалдарымды мұқият тындаған сияқтысыз. Кез келген занбузушылық ұзақ-түйектен басталады. Алайда бұларға да көз жұма салуға болмайды. Бізде гүл сыйлаған адам, ұрлық жасаған адамнан да қатан жаза алуы мүмкін. Сондықтан, біздің жемқорлармен күресушілер ұсақ-түйекті қуып кетті. Бұл да жемқорлықтың гүлденіп отырғанының бір көрінісі. Өйткені, жемқорлықпен күресушілер ең маңыздысына назар аудармай отыр. Олар қылмыстың қаншалықты ашылғанын айтады. Ал қомақты ақша алған жемқорлар, бұрын қалай өмір сүрсе, қазір де солай өмір сүріп жатыр. Оларға ешкім тиісе алмайды.

Жас qazaq: Занды қатайту керек дейміз. Бірақ қалай, қаншалықты қатайтуға болады?

В.Косарев: Жоғарыда атап өткенімдей, біздің елдегі жемқорлыққа қарсы заң қатал. Егер қатандатылған болса, онда сыбайлас жемқорлықпен күресетін әділет органдарына қатысты занды қатайту керек. Сонымен қатар жемқорлыққа жол ашатындарды да, сыбайлас жемқорлықты қолдайтын адамды да қатал жазалау керек.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ФОТОШОҚ



Фото: Аскарбек ҚАЗАНҒАП



Масаншы ауылы,
Қордай ауданы,
Жамбыл облысы

Даму

Осы аптада Оңтүстікке барған Премьер-Министр Асқар Мәмин Шымкент қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиында қаланы дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру, әлеуметтік-экономикалық жағдай, инфрақұрылымдық құрылыс, электрмен және газбен жабдықтау мәселесі талқыланды. Соңдай-ақ қаланың 2020 жылы ТМД-ның мәдени астанасы мәртебесін алуы аясында іс-шараларды өткізуге дайындығы пысықталды.

Бұдан түйген ой шаһардың сәулет-құрылыс саласында үлкен жаңалықтар болмақ. Алайда заманауи өзгерістер қала шырайын қаншалықты аша түседі? Әкім-қаралар көше көркін қалыптастыруға қалай атсалыспақ? Осындай сауалдар төңірегінде біз қалалық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Жеңіс Бәйімбетовпен сұхбаттасқан едік.

Жас qazaq: Шымшаһарда құрылысқа катысты үш баскарма бар. Сіз басқаратын мекеме тек салынатын құрылыстың жобаларын жасайды. Осы орайда канша аумақ жоспарлау жобаларымен қамтылғанын білгіміз келеді.

Ж.Бәйімбетов: Қала, аудан орталығының дамуы бас жоспарға тікелей байланысты. Бас жоспарды Үкімет бекітеді. Әр шағын ауданға егжей-тегжейлі жоспар жасалады. Ол жерде қызыл сызық, әр көше, жасыл желек, саябақ, мемлекеттік нысандар нақты көрсетіледі. Шымкент қаласын дамытудын бас жоспарына

шаһардағы цитадельдің құрылыс жұмыстары не болып жатыр?

Ж.Бәйімбетов: Цитадельдің жобасын біз жасап бергенбіз. Құрылысы наурыз айына дейін аяқталады. Ескі

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАЛА

сәйкес қала аумақтарына жасакталған егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының саны – 71. Жалпы қаланың құрылыс салу жоспарланған аумағының 90 пайызы егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен қамтылған.

Алдағы уақытта Самал-1,2 шағынаудандары, Базарқакпа және Қаратөбе, Таскен тұрғын алабтары жоспарлау жобаларымен қамтылады.

Былтыр қала аумағындағы жылжымайтын мүлік нысандарын түгенлеу жұмысына 77 миллион теңге бөлінді. Ол 32 500 гектар аумақты қамтыды. Бұл өз кезегінде жылжымайтын мүлік нысандарын реттеп, автоматтандыруға, атауы жоқ көшелерді анықтауға, жедел жәрдем қызметіне жағдай жасау, статистикалық мәлімет дайындау сияқты салаларға оң ықпал етеді.

Жас qazaq: Қаланың канша гектар аумағына топотүсірілім жүргізілген?

Ж.Бәйімбетов: Шаһардың жалпы аумағы – 117 мың гектар. Оның ішінде бос жатқан аграрлық шаруашылық жерлері, жайылымдық, ойлы-қырлы жерлер, тағы басқалары бар. Біздің баскарманың жеке архивінде қаланың 8500 гектар аумағына 1986 жылы топотүсірілім жасалған. Одан бері Тәуелсіздік алдық, қаншама нысан ашылып, қалаға жаңадан Сайрам, Төле би және Ордабасы аудандарынан 40 елді мекен қосылды. Сол жерде топотүсірілім болмағандықтан не құрылыс бастай алмайсың, не инженерлік жүйелерді жүргізе алмайсың. Тіпті жол салу үшін қарапайым халықтың қалтасынан қаржысы шығындалатын кездер болған. Былтыр жергілікті бюджеттен 500 миллион теңге қарастырылып, 49 500 гектар аумаққа топотүсірілім түсіру жұмысы жүргізілді. 2017 жылы 117 000 гектар аумаққа 1:500 масштабтағы топотүсіріліммен қамтамасыз етуге сметалық құжаттамаларына сәйкес 3 млрд 736 млн теңге *(1 га аумақ 35-40 теңге)* құрайтын. Бүгінгі таңда мердігер компания 1 гектар аумақты 5 мың теңгеден 1:500 масштабтағы топотүсірілім жүргізуде. Бүгінгі таңда 49 500 гектар аумақтың топотүсірілімі аяқталды. Бұл өз кезегінде құрылыс жұмысын жобалағанда қала тұрғындарына және мемлекеттік мекемелерге тегін беріледі. Бір жағынан, мемлекет қаржысы үнемделеді.

Жас qazaq: Биыл жыл – Шымкенттің тарихында қалатын айрықша жыл. ТМД елдерінің 2020 жылғы мәдени астанасына жан-жақтан қонақтар аз келмесі анық. Көне

моншасы мен цитадельге дейінгі аралықта орын тепкен 79 үй мемлекет мұқтаждығы үшін бұзылады. Осы жерден көріз жүйесін салсақ, үш-төрт жылда батыс пен оңтүстік және шығыс жакта көпқабатты үй көбейеді. Тұран шағынауданында биыл 45 әлеуметтік үйдің құрылысы басталды. «Шымкент ситиде» А тобындағы элиталы үйлер салынбақ.

Мегаполис деген атымызға сай заманауи күн батареясымен зарядталатын аялдамалар салу да жоспарланған. Есептеп қарасақ, Шымқалада 365 күннің 300-інде ауа райы ашық болады екен. Ал күн батареялары зарядталып алса, 3 күнге дейін өшпейді. Бұйыртса, аялдаманың ішіне қаланың сенсорлық картасын қоямыз. Мысалы, қала қонақтары осы арқылы қалаған жеріне тез әрі адаспай жете алады.

Жас qazaq: Қаланың іргесіндегі Тұран шағынауданында, «Шымкент сити» маңында көптеген тұрғын үйлер, ғимараттар бой көтеріп келеді. Жалпы былтыр қанша тұрғын үй пайдалануға берілді?

Ж.Бәйімбетов: Құрылысы аяқталған 7929 жеке тұрғын үй, 502 коммерциялық нысан, 42 мемлекеттік нысандар ресми қабылданды. Қала аумағында заңсыз және заң талабына сай емес құрылыстарға мониторинг жүргізіліп, 445 құрылыс нысаны анықталды. Олардың иелеріне тиісті шара қолданылады.

Шымкент қаласының қала құрылысын бақылау басқармасы тарапынан 32 құрылыс нысанының иесіне әкімшілік шара қолданылды.

Жас qazaq: Білуімізше, сіздердің қызметтеріңіз электронды форматқа өткен. Мысалы, бір анықтаманы қанша күнде алуға болады?

Ж.Бәйімбетов: Біз жылжымайтын мүлік нысандарының мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру мемлекеттік қызметін цифрландыру жұмысын жүргізген болатынбыз. Бұрын нақтылауға 3 күні, бұйрықпен реттік нөмір беруге 7 күн кетсе, қазіргі таңда электронды цифрлық қолтаңба арқылы 30 минутта алу мүмкіндігі бар. Жыл басынан бері басқармамен электронды түрде 5046 қызмет көрсетілді.

Сонымен қатар Үкіметтің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енуіне байланысты «Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын беру» және эскизді (эскиздік жобасын) келістіру мемлекеттік қызметтері ағымдағы жылдың қазан айынан бастап толықтай электронды форматқа өтті.

Қаланың бас жоспарын да электронды түрде жасап, www.shymkent.genplan.kz деген сайтқа салып қойдық. Ол сайтта қызыл сызығы бар, сары сызығы бар, т.б. ескертпелердің, қала құрылысы регламенттері барлығын енгізіп қойғанбыз. Бұл іс бастағысы келетін кәсіпкерлерге өте тиімді. Болашақта жобаланған шағынаудандардың анықтамасын да алуға мүмкіндік бар. Мекенжай анықтамасын қажет ететіндерге www.halyksaulet.kz сайтын аштық. Сосын тұрғындар жеке тұрғын үйінің мәселесі бойынша бізге арыз-шағым жазып жүрмей-ақ, бір терезеден ақпаратқа қол жеткізуі үшін тағы бір электронды алаң ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл бағытта KazAeroSpace деген компаниямен келіссөз жүргізудеміз. Осылайша, бір жағынан, қағазбастылықтан арылатын боламыз. Біздің ұстанымымыз – Apple компаниясының негізін қалаушы Стив Джобстың «Үш рет шерту» принципіне сәйкес, «ашып, көріп, жабатындай», интерфейсі де қарапайым интернет-ресурстарын жасау.

Қорыта айтқанда, Шымкент – үшінші мегаполис. Болашақта ел мақтанатын қалаға айналады. Сондықтан қазір қолға алынып жатқан құрылыс пен көркейту шараларына қолдау білдіріп, жергілікті тұрғындар тарапынан да мәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал болуы тиіс.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Мәриям АЙТБАЙ

Көкейкесті

(Басы 1-бетте)

Жиналысқа облыс пен ауданның атқамінерлері

катысты. Арасында аймақ басшысы мен орынбасарлары, аудан әкімі мен орынбасарлары, өңірдің бас имамы болды. Ақсақалдар бассыздыққа өздері кінәлі екендіктерін мойындады. Олар жастардың бойына «Бір ұлт – бір мүдде» деген ұғымды сіңіргендерін ашып айтты.

Сейсенбі күнгі жиналыстың қорытындысы болар іс болды. Енді оны ары қарай шүкі берсе, мәселе ұшығып кетеді дегенге келіп тірелді. Соған жеткізбей, түйткілді дер уақытында шешу керек деген пәтуаға тоқайласты. Төрт ауылдың ақсақалдары мен атқа мінген азаматтарынан құралған қоғамдық кеңес құру мәселесі қаралды. Бұдан былай ауыл тұрғындары арасында ұрыс-керіс, төбелес болған жағдайда, қоғамдық кеңес мүшелері барып, мәселені тез шешуге жауапты болмақшы. Барлық тарап бұл шешімге келісіп, ортақ мәмілеге тоқтады.

ҚОРДАЙ:

ТӨРТ АУЫЛДАҒЫ ТҮСІНІСТІК

Одан кейін біз Масанның ауылындағы мектептерге бет алдық. Елді мекенде үш білім ошағы бар. Мектеп директорымен сөйлескенімізде, ол оқиға болған күннің ертеніне сабаққа 15 оқушы ғана келгенін айтты. 15 баланың ата-анасы мектепке бірге келіп, сабақ аяқталғанша болыпты. Қазір әр мұғалім үй аралап, оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы мәселеге байланысты сәрсенбі күні білім және ғылым министрінің кеңесшісі Раиса Шер келіп, мектептерді аралады. Раиса ханым бізге берген сұхбатында: «Дәл қазіргі жағдайда оқушыларға психологиялық көмек қажет. Сондықтан мұндай кезде педагогтар мен психологтардың көмегі маңызды» екенін айтты. Ол төрт ауылдың мектеп директорларымен де кеңес өткізді.

СӨРСЕНБІ

Қазір ауыл тұрғындарының күнделікті тіршілігі қалыпқа келді. Көшеде жүргенде байқағанымыз, арнайы жасақ қызметкерлері сақдай сай тұр. Тәртіп сақшыларының бірі аға лейтенант Ардақ Сәбиттің бетіне бытыра тиген екен. Дәрігерлердің «ауруханаға жатып ем қабылда» дегеніне қарамай, жұмысына кірісіп кеттігі. Мұны өзі: «Бұл әскери міндетім, тыныштықты күзетуім керек», – деп түсіндірді.

Оқиға болған күннің ертесіне тұрғындардың біразы Қырғызстанға кеттігі. Қазір 8000 адам қайтадан оралды. Екі ел арасындағы шекара бекетінде эпидемиолог мамандар жұмыс істеуде. Олар Қырғызстаннан кірген ер адамды бақылап, дене қызуын тексеруде. Егер дене қызуы байқалса, қажетті шара қолданады.

ТҮЙІН:

Екі күнде өткен жиналыс пен атқарылып жатқан түрлі жұмыс нәтижесінде Қордай түйткілін түбегейлі шешудің әдістемесі жасалатын болды. Оқушылар мен оқытушылар арасында, төрт ауылдың тұрғындары арасында қалай дұрыс жұмыс жүргізу керек? – деген сұрақтар бойынша шешім қабылданып, нақты жұмыс жасалады.

Комиссия мүшелері шығынды есептеп жатыр. Ары қарай шығынды қалай өту керек деген мәселе қаралады. Шығын демекші, кейбір тұрғындар «Қолізім өртеніп кетті» деп жалған ақпарат берген. Мәселен, өртеніп кеткен бір көлікке «Мынау менің машинам» деп бес адам таласқан жағдай кездескен. Сондықтан комиссия мәселені терең тексеруді жөн көріп отыр.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП
(Арнайы *Jas qazaq* газеті үшін Жамбыл облысынан)

Парадокс

(Басы 1-бетте)

Олардың арасында аяқ киім, жиһаз, ер-тоқым, тон, құндыз ішік те бар. Мемлекетіміз де дәл осыған шикізат емес, дайын тауар шығаруға мән беріп отыр емес пе?», – дейді.

Осылайша кей жерде жеке кәсіпкерліктің жүгі жеңілдеудің орнына, жағдайы мүшкіл күйге түсіп барады. Отандық бұйым шығаруға барынша серпін берудің орнына қолында билігі бар кейбір азаматтар кедергі келтіріп отырғандай. Айталық, кезінде 18 елге тері экспорттап, 1200 адамды жұмыспен қамтыған Семейдегі былғары және тері комбинатының бүгінгі тағдырына жаның ашиды. Комбинат директоры Жұмағазы Рақымғалиевтың айтуынша, Қазақстан даму банкінен несие алғаннан кейін шаруасы ілгерлеудің орнына қиындықтың қамыты мойынға жегіліпті. Нақтырақ айтсақ, 1999 жылы тендер барысында алдына жан салмаған кәсіпкер Жұмағазы Рақымғалиев ұтып алып, ұзақ жыл ұмыт бола бастаған комбинатқа жан бітіреді. Тіпті 2002 жылы Елбасы Семей қаласына келгенде комбинатқа арнайы бас сұғып, отандық өнім өндіруге қолдау көрсетілетіндігін айтып, қазіргі кәсіпорын жұмысына, бағытына оң баға берген. Араға 6 жыл салып индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде кәсіпорынға Қазақстан даму банкі тарапынан несие берілген. Іскер азамат бұл қаражатқа комбинатты қайта жабдықтап, Италиядан арнайы құрал-жабдық әкеледі. Бірінші жылы-ақ жұмыс өрге басып, бөлінген қаржының 60 пайызы игеріледі. Жергілікті тұрғындардан 1200 адамды жұмыспен қамтып, ірі мемлекеттік компанияларға, қорғаныс және ішкі істер министрлігіне, ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне қысқы киім тігумен айналысады. Сонымен бірге өңделген теріні 18 мемлекетке жөнелтіп тұрды. Олардың арасында АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия, Еуропа елдері бар. Алайда бір жыл өткеннен кейін Қазақстан даму банкінің өкілдері несие бөлудің екінші кезеңінде қалған қаражатты беруден бас тартқан. «Сыныққа сылтау көп» деген осы. Мұны естігенде кәсіпкер жағасын ұстапты. Келісімге келе алмаған соң, банк басқаша әрекет ете бастапты.

Сөйтіп, 2009 жылы тиісті сома бөлінбеген. Осының салдарынан зауытқа әкелінген қондырғы толық іске қосылмай, біраз жұмыс

жарты жолда қалып қояды. Тіпті түрлі мекемелер тарапынан тексеріс көбейіп, қарызға белшеден батырған. Осы төңіректе қордаланған мәселені еске түсірген Жұмағазы Рақымғалиев: «Қарызға белшеден батып, жағдайымыз қиындағаннан кейін шетелден инвестор іздеуге кірістім. 2013 жылы Англиядағы ірі компаниямен келіссөз жүргіздік. Олар елімізге 30 маман жіберіп, мұндағы маркетингті зерттеді. Саралай келе, ақша салуға келісті. 5 айда барлық

Бейбіт РАҚЫМҒАЛИЕВ,
Қазақстан Былғары және тері өнімдерін қайта өңдеу қауымдастығының төрағасы:

«Мемлекеттік қаржы институттарының өз кестесі болды. Сол бойынша институт ғимарат құрылысын, оның құрал-жабдықтарына қаражат бөледі. Ал одан кейінгі жылыту жүйесі мен желілерге қосылуға қаржы жұмылдырылмайды. Содан соң ол проблемалық жобаға айналады. Яғни осы үшін мемлекеттен миллиардтаған қаржы жұмсалды. Бірақ Семей былғары және тері комбинаты жұмыс істемейді. Қазір кәсіпорынның құрал-жабдықтары далада қалды. Жарты жыл бұрын ондағы барлық адам жұмыстан шыққан. Зауыт станоктары да уақыт өте келе жарамсыз болып қалды. Құны 300-400 мың еуро тұратын станоктарды тот басуда. Егер зауыт жұмысын күні өртең жандандырмаса, ондағы құрал-жабдықтарды лақтыра беруге болады».

Ал инвестор ұзақ күтпепті. Осылайша, кәсіпорын жанындағы аяқ киім фабрикасы да қанырап қалған. Былтыр Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Семей былғары және тері комбинаты банкрот деп жарияланды. Қазір іс кассациялық тәртіпте Жоғарғы сотта қаралуда. Мұнын қанша уақытқа созылары белгісіз. Бірақ енді-енді жанданып, елге қызмет ете бастаған кәсіпорынның орта жолда қанырап қалғаны өкінішті. 1200 адам жұмыссыз қалып, бөрі де жеп отырған нанынан айырылды.

P.S. Семей былғары және тері комбинаты төңірегіндегі дауға нүкте қойылған жоқ. Жоғарғы соттың қандай шешім қабылдағы да белгісіз. Қалай болғанда да, еліміздегі іргелі кәсіпорынның тезірек іске қосылғаны жөн. Бұл мәселе *Jas qazaq* газетінің назарында болады. Осы тақырыпты тағы бір қаузаытын боламыз.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы

берешегімізді жауып беріп, қосымша 60 миллион доллар бөлетін болды. Бұл мәселе Үкімет деңгейінде талқыланып, инвестормен кездесуге Семей қаласының әкімі де барды. Бәрі ойдағыдай іске асып жатты. Бірақ ең соңында келісімшартқа Қазақстан даму банкі қол қоймады. Оның себебін мың құбылттып, соңғы 3 жылдағы есепшотымызды сұрады», – дейді.

Дін-діңгек

Соңғы жылдары «жат ағым, радикализм» деген сөзді жиі естиміз. Елімізде бұл мәселе

өзекті тақырыпқа айналды. Сондықтан жат пиғылдыларға қарсы құзырлы орындармен қатар, қоғамдық ұйымдар да қарсы тұруда. Осы орайда «Шаңырақ» кеңес беру және оналту орталығының қызметі туралы ерекше атап өтуге болады. Біз орталық жетекшісі, белгілі дінтанушы, тарих ғылымдарының кандидаты, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ұстазы Мирхат Мадияров мырзадан экстремизм мен терроризмге қарсы насихатты қалай жүргізіп жатқандықтарын сұрадық.

Jas qazaq: Мирхат мырза, «Шаңырақтың» құрылу себебі мен атқарған жұмыстары туралы не айтар едіңіз?

М.Мадияров: Діндегі кертартпалық, бұрмалаушылық пен жат ниеттілердің насихатына тойтарыс беру үшін оның алдын алу мен оналту жұмысы — кезек күттірмейтін маңызды бағыт. Бұл мәселемен 2014 жылы «Имамдардың біліктілігін арттыру институтында» және 2015 жылы Алматы қаласының әкімшілігіндегі дін істері басқармасында қызмет барысында айналыса бастадық. «Шаңырақ» оналту және кеңес беру орталығы 2016 жылы арнайы ашылды. 2018 жылы Астана қаласы әкімшілігінің шақыруымен, дін мәселелерін зерттеу орталығында, осы бағыттағы мамандарды оқытып, жұмысын ұйымдастыруға атсалыстық. Нәтижесінде тәжірибе молайып, әдістеме қалыптасты. Мысалы, Алматы қаласындағы үш айлық насихат шаралары барысында 1200-ден аса адаммен сұхбаттасып, 550 азаматтың жат ағымның жетегінде кеткені анықталды. Олардың басым бөлігі үгіт-насихат жұмысынан кейін ұстанымдарының дұрыс еместігін мойындап, райынан қайтты.

Jas qazaq: Жүрген жолынан кателескен азаматтармен сұхбаттасу барысында ерекше есіңізде қалған оқиға туралы айтып берсеніз?

БІРІНШІ КҮНІ КҮРСІНДІ...

ЕРТЕСІНЕ ТҮСІНДІ!

Өз ұстанымынан қайтпай, оналтуға қиындық келтіретіндері болды ма?

М.Мадияров: Әрине, түрлі тағдырлар, не бір жағдайлар кездеседі. Бірде, кері ағымға бой алдырған жас жігітпен сұхбат жүргізіп отырғанымда, ол «жаратушымыздың мекені бар ма?» деген тартысты сұрақ қойды. Мен: «жақсы, сенің айтуыңша, Алла тағала, түннің таңға жуық уақытында бізге жақындап, аспаннан келеді екен. Сонда, жердің арғы бетіндегілер Жаратушысыз қалады ма?», — деп сұрадым. Абдырап, сәл ойланған бауырым: «Онда, Жер жалпақ!», — дегені бар емес пе. Бұл намазхандар сауатсыз деген сөз емес, жалпы, жас буында білімге деген ынта, құлшыныс жоқ деген сөз.

Тағы бірде, терроризм бойынша жазасын өтеп келген әскери ұшқыш бауырмен ұзақ сұхбаттастық. Қоштасарда, көзіне жас келіп, шын ниетімен құшақтасып тұрсақ, кіріп келген арнаулы мекеме қызметкерлері аң-таң. Кейіннен «Бұл адаммен абайлап сөйлесеміз, көзіне жас алғанын көрген емеспіз, қалай жүрегіне жеттіңіз?» — деп сұрап жатыр. Бәріміз Анадан туғанбыз, Аналарымызды сағынамыз. Ата-ана, ата-бабаларымыз, Отан-Ана деген әр адамның жүрек түкпіріндегі ең нәзік, көпке көрсетіп шаша бермейтін сырлары бар сезім, деп түсіндірдім. Кең-байтақ даламызда жансыздардың жанын қоймай, жауларын көк найзаға шынғыртып тізбектеді бабаларымыз. Біз, кері ағым дегенде, сыртқы күштердің сайрауына еріп, тек мұсылмандарды айтатын халдеміз. Өз арамызда қызыл кеңірдек боп жатқанда, басқа кері ағым жетегінде канша қарақөз жүргенін ешкім айта алмайды. Бір ана келді, төрт кішкене балапандарын шұбыртып, кішісі омырауда. Пәтер жалдап, әугірімдеп күн көріп отырса, екі қазақ әйел келіп «бізбен бірге шіркеуімізге жүр», — деп мазасын алыпты. «Оларға мен емес, менің мына балаларым керек!», — деп зар жылайды.

Бір қарындасымыз келді, екі ұлы бар. Жолдасы 15 жылдан бері кришнаит. Қызмет жасайды, момын. Бірақ, күніге таңғы 5-тен тұрып алып, мантра әуенін екі сағат әндетеді. Имамдар, теологтар бәріміз бардық, екі жақтың туыстары да болды. Ама! не, қайтпады. Ақыры, шаңырақ шайқалып, ажырасып тынды. Қарындасымыз, әйелдер жамағатына қосылып, қолы дірілдеп, қасиетті Құранды ұстап, қалима шахадатын айтып, көзінен моншақ-моншақ жас ақты. Біз біле

бермейміз ғой, ол пенденің иманға келуі, осындай жолмен жазылған болар.

Jas qazaq: Жат ағымға еріп кетудің негізгі себептерін зерттеп көрдіңіз бе? Көбінесе тұрмыстық жағдайы төмен азаматтар арбауға тез түседі деген пікір айтылады. Ал бұдан бөлек, қандай себептерді атай аласыз?

М.Мадияров: Кері ағымға бой алдырудағы себептерін әлеуметтік – материалдық жағдайдың төменділігімен, жоқшылықпен, жұмыссыздық және тағы басқа себептермен байланыстыратынымыз рас. Ал, осыған қоса, басты бір рөл атқаратын нәрсе — сауатсыздық.

Jas qazaq: Діни сауатсыздық...

М.Мадияров: Иә, діни сауатсыздық. Өйткені, адамдар өзінің дүниетанымын



дамытып, ілім алып, ізденбейді. Жат ағымға бой алдырған жастар ғана емес, қоғамның басты бөлігі діни сауатсыз деп айтар едім.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кері ағымға бой алдырушылармен сұхбат барысында, тек қана діни сауатсыздық қана емес, жалпы, зайырлы білім мен дүниетаным шектеулі екені көрініп отыр. Абай хакім айтып кеткендей:

*«Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең
наданның.*

*Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды —*

Әдеті надан адамның... сол, надандықтың кесірі, әр жерден естігенін алдыға тартып, кердендеуден болып тұр. Осыған қоса, олардың бойы мәдениеттен ада, салт-дәстүрден хабарсыз, Отансүйіштік қасиет дари қоймаған тас бауырлық баршылық.

Жалпы, біздің қоғамда не болса соған еліктеу басым. Әрине, ұлттық құндылықтарымызға берік болсақ, сырттан келген ағым тұнығымызды лайлай алмай, айналып ағып кете берер еді. Сондықтан, рухани ағарту жұмысын, әскери-патриоттық сезімді жастай бойға сіңірген абзал. Қазіргі заманға сай айтқанда, осы тәрбиені қанына сіңіру үшін бастауыш мектептен бастап, имандылыққа тәрбиелеуіміз қажет. Бұл тақырыпты жабық ұстағанымызбен, еріндерінен бал ағып тұрған кері ағымды уағыздаушы «жанашырларымызға» жол ашып бергеніміз. Әлеуметтік желілерді, ондағы «ақиқат жолындағы бауырларымыз, Алла разылығы үшін жұмыстарымызды балабақшадан бастауымыз керек», — деп жар салып отырғанын тоқтата алмаймыз.

Геосаясат тұрғысынан алғанда, дін — белгілі мақсатқа жету үшін пайдаланатын, сыртқы күштердің құралына айналды. Ал, көзге көріне қоймайтын ақпараттық соғыс болса, бір сәтке болсын тоқтаған емес. Керісінше, қыруар қаржы құйылатын әскери Қарулы Күштердің атқаратын шараларын, ақпараттық құралдар атқаруда. Ел ішінен «мәнгүрттерді» тауып, атойлатып қойса болды, есесоктар өздері талқандап шығуға дайын.

Jas qazaq: Экстремизм мен терроризмге қарсы күресу үшін не істеуіміз керек? Маман ретінде ұсынысыңыз бар ма?

М.Мадияров: Ең алдымен, білікті маман даярлау мәселесін қолға алған жөн. Қазіргі уақытта, дін саласының мамандары, негізінен, практикалық тұрғыдан қалыптаспаған. Мамандарды, студенттік кезеңнің 2-курсынан бастап, арнаулы бағдарламалармен, қосымша креативті жобаларға араластырып шындаумен тәрбиелеу қажет. Бүгінгі студент — ертенгі маман. Жастарымыз бейнебір шамшырақ тәрізді, неғұрлым сапалы даярласақ, соғұрлым жарығын шашып, жол көрсетіп, Отанына қызмет атқара алады.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА



QOĞAM

E-mail: jaspqazaq2019@mail.ru

www.jaspqazaq.kz



Сондай еріктілердің бірі де бірегейі — Ерлан Күміскалиев. Бар уақытын адам өмірін қорғауға арнап жүрген азаматты атыраулықтар «Алтын жүректі адам» деп атайды. Себебі ол үміт оты үзілген балалардың жүрегіне сенім ұялатудан жалыққан емес. Әсіресе, ДПП, дауна, аутизм сынды ерекше диагнозбен туылған балалардың аналары оны жақсы біледі. Өйткені, Ерланның күнделікті өмірі «Наукас балаларды оналтсам, емдеп, жазсам» деген күреспен өтіп жатыр. Ол бұл қызметі үшін ақша да сұрамайды. Бәрін тегін жасайды. Нағыз еріктінің өзі. Жалғыз адам ерікті болушы ма еді дейтіндер де бар шығар? Бірақ мұқтаж жанға, көпке көмегі тисе, ол қалай ерікті болмасын? Біздің бүгінгі кейіпкеріміз — «Атырау. Шағын мемлекет» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, «Алтын жүрек» жалпы ұлттық сыйлығының иегері, 100 жаңа есім жобасының жеңімпазы Ерлан Күміскалиев.

«Көпшілік мені түсіне бермейді. «Нәтиже беру-бермеуі екіталай дүниеге осыншама жанкештілікпен ұмтылатынымыз не?» деп сөгетіндер де бар. Бірақ бұл жолға түсуіме мені тағдырдың өзі итермеледі. Себебі кезінде өзім де ауыр дертке шалдығып, жанұшыра аласұрған едім. Алладан денсаулық сұрадым. Және сауыққан жағдайда міндетті түрде дімкөс жандарға көмектесетінімді айттым. Сол дұғам қабыл болды» деген Ерлан сырқат сәбилерге қолдау көрсетуді ең негізгі міндеті санайтынын жеткізді.

Ерлан тумасынан жүйке ауруына шалдыққан сәбилерге қолдау көрсететін орталыққа жетекшілік етеді. Бұл орталық 2013 жылдан бері жұмыс істейді. Күні бүгінге дейін бірнеше жүздеген сәби өмір атаулы алып теңізге екінші мәрте жолдама алды. Себебі сауықтыру терапиясынан өткен бүлдіршіндердің біразы бүгінде балабақша, мектепке бара алатын болды. Ең бастысы, Ерлан кішкентайлардың барлығын тегін емдейді.

Елордада Мемлекет басшысының қатысуымен «Birgemiz» атты волонтерлар фронт-офисі ашылды. Бұл ресми бекітілген Волонтерлар жылына жаңа дем бергендей болды. Өйткені, бүгінде жақсылық жасауға құштар адамдар күн санап көбейеде. Елімізде 200 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Бұлардан бөлек, елдің алғысын арқалаған жөкелеген азаматтар да жетерлік.

Айта кеткен жөн, Ерлан — канистерапия, яғни ит терапиясын Атырауға бірінші болып әкелген адам. Кейіпкеріміз «Иттерді алғаш Ресейде өзім жатқан ауруханадан көрдім. Төрт аяқты жануардың аурухана төсегіне танылғандардың арасында не істеп жүргендігін бастапқыда түсінбедім. Бірақ уақыт өте келе, канистерапияның адамға зор пайда әкелетініне көзім жетті. Сол иттер пайда болғалы мен жатқан бөлімшенің өміріне үлкен өзгеріс енді. Адамдардың бойынан сенімді, қуаныш



лебін көрдім. Олар иттердің келуін күтетін. Аптадан аптаға дейін бір сенім, үміт пайда болды. Сол жағдайдан кейін канистерапияны Атырауға енгізу туралы идея туындады» — деп түсіндірді. Ол бастапқыда ғаламтор арқылы ақпарат жинап, кейін тақырыптық семинарға, конференцияға қатысқанын, осы мәселе бойынша Ресейдің Мәскеу, Самара, Саратов, Төменгі Новгород сынды бірнеше

СӨНГЕН ҮМІТТІ ЖАНДАНДЫРДЫ



Е.Күміскалиев: «Бізге келетін балалардың 80 пайызы — өздерінің аяқ-қолы барын мүлде сезбейтіндер, 70 пайызы жалғызбасты аналардың сәбилері. Орталық ашылғалы біз балаларымыздың аналарына да қолдау

көрсетіп келеміз. Себебі

сәбидің

Алмағұл ЕСЕНҒАЛИЕВА:
Ерлан туралы өзім секілді бір анадан естідім. Сөйтіп, онымен байланысқа шықтым. Оның көмегімен Америкадан білікті невропатолог маман шақырып, балама дұрыс ем берудің сөті түсті. Бұрын Әлисұлтан тырыспа ауруынан (судорога) көз ашпайтын. Шетелдік маман ұсынған диетадан кейін, тырыспадан құтылды. Ерлан бізге ағайыннан да жақын болып кетті. Оған шын көңілден зор рахметімді жеткізігім келеді.

денсаулығы, болашағы көп жағдайда анасының психологиялық жағдайына тікелей байланысты. Сол себепті де, аналарымыз орталықта би, фитнес клубы, сұлулық салондарына барып тұрады», — дейді. Осылайша, сөнген үмітті қайта жалғап жүрген бұл орталық сәбилерге де, олардың аналарына да тегін қызмет көрсетеді.

қаласын аралағанын, осылайша кешенді дайындықтан кейін ғана ит терапиясын енгізуді қолға алғанын айтты.

Қазіргі уақытта Ерлан ипотерапияны да өзінің емдеу курсына нәтижелі пайдаланып жүр. Ол: «Бізде қазір «дәрігер» жылқыларымыз да бар. Осы жерде бізге жануарды Башқұртстанның жылқы зауытынан өз қаржысына алып берген Марат Шырдабаев ағамызға алғыс айтқым келеді. Бойы 137 сантиметр жылқылар балаарға ыңғайлы», — деді.

Біздің кейіпкеріміз туралы көп нәрсені айтуға болады. Бірақ өзінен бұрын қашан да балаларды ойлап тұратын азамат бізге жастарға мына аманатты жеткізуді сұрады. Оның аманаты қазіргі уақытта ұшығып отырған қауіпті ауруларға байланысты болып отыр. Ерлан Күміскалиев «1980-90 жылдары мұндай тенденция мүлде байқалған жоқ. Ғалымдар 2025 жылға қарай әр туылған екінші баланың аутизмге шалдығып, өмірге келетінін айтаду. Зерттеулер баланың ана жатырында жатып-ақ, ауа тарлығынан немесе оның мүлде жетіспеушілігінен киналып, нәтижесінде сәби миының зақымдануға ұшырайтындығын көрсетіп отыр. Бұл жерде зерттеуді қажет ететін дүние көп. Бастысы, болашақ аналар өз денсаулығына күтіммен қараса екен», — деген тілегін жеткізді.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

Қазақы REALISM

АЛМАТЫНЫҢ «ДУМАНЫ»



Фото: azattyq-ruhy.kz



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AIMAQ

www.jasqazaq.kz

Кәсіп пен нәсіп

Бүгінгі күні елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға зор мән берілуде. Осы орайда, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы осы саланы өркендетуге серпін бергенін атап өткеніміз жөн.

АЗАМАТЫНА ҚАРАП, АУЫЛЫН ТАНЫ

Бұл туралы өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нахыпбеков былай дейді: «Мемлекет тарапынан жасалып жатқан көптармақты қолдау жүйесі ауыл шаруашылығын дамытуды, бизнес бастамаларды қаржыландыруды және «Бастау» жобасымен кәсіпкерлік негіздерін оқытуды көздейді. Субсидия, арзан несие, оларды кепілдендіру, оқыту мәселесі жүйеленген. Мемлекет ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, ауылдағы жұмыссыздықты төмендету шараларын максаткерлікпен жүргізуде. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, өнім көлемін арттыруға, еңбек өнімділігін еселеуге және

шағын және орта кәсіпкерлік қозғалысы белсенді сипат алды. Әсіресе 2019 жылғы жұмыстың нәтижесін жақсы деп айтуға болады. Қазіргі күні тұрақты жұмыс істеп тұрған нысандардың саны 1285 дана. Бұрнағы жылмен салыстырғандағы көрсеткіш 125 данаға өсіп, 110,8 пайызға жетті. Жалпы, заңды тіркелген нысандарды 86,4 пайызы шағын және орта кәсіпкерліктің еншісінде екендігі мемлекеттік қолдаудың максаткерлікпен жүргізілгендігін білдіреді. Әрбір ауылдық округтің болашағы үшін жасалған талдау мұндағы жана өндіріс пен қызмет көрсету саласының серпін алатынына сенім тудырды.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайыр Жұмақаевтың айтуынша, жана бизнес жоспарлар

кәсіпорын заманауи инкубатор, бройлер балапандарын өсіруге арналған екі корпус, құрама жем және ет дайындау цехын пайдалануға берсе, бүгінгі күні үшінші бройлер корпусы мен әкімшілік ғимараты салынуда. Фабрика 2019 жылдың қантар-қазан айларында 802,6 миллион теңгенің өнімін дайындады.

«Острогорское» ЖШС Новый Колутон селосында құны 1525,5 миллион теңге тұратын «Жалпы саны 3000 бастық аналық ірі кара мал өсіру» инвестициялық жобасын іске асырды. Мұның 1293,2 миллион теңгесі несие қаражаты. Кәсіпорын Америка мен Канададан асыл тұқымды «Герефорд» құнажындарын сатып алған. Бүгінгі талап деңгейіндегі қоралар мен ашық алаңдар салынып, жана жұмыс орындары құрылды. Серіктестік былтырғы он айдың өзінде 138,4 миллион теңгеге бағаланған 582 асыл тұқымды ірі қараны сатуға шығарды.

Ал «Aina Resources» кәсіпорны Акбейіт ауылында құрамында алтыны бар руда өндіру фабрикасын салуды жоспарлауда. Мұнда жылына 322,2 келі алтын қоспасы шығару көзделген. Жоба алдағы уақытта іске қосылады.



тұрғындарды нәтижелі жұмысқа тартуға ықпал етеді.

Ауыл бизнесін табысты жүргізуге қолдау көрсетудің бір мысалы ретінде Зеренді ауданындағы «Жақсылық Агро» ЖШС базасында жұмыс істей бастаған орталықты атауға болады. Мұнда өңірлік ветеринарлық оқыту және қызмет көрсету мемлекеттік мекемесімен бірлесіп, сүт өндірісіндегі инновациялық кадамдар мен озық тәжірибе қолданысқа енгізіледі. Орталықтың негізгі міндеті — сүт кластеріне қатысушыларға еуропалық деңгейдегі ветеринарлық қызмет көрсету болып табылады. Яғни өнімді тұқым қалыптастыру, бірынғай мал азығы базасын жасау, сапа көрсеткішін арттыру және бөсекелестік шарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Аймақта қолға алынған «Бастау» жобасы арқылы өңірдің көптеген тұрғыны бизнес-идеяларын жүзеге асыруға, жана өндіріс ашуға, қосымша жұмыс орындарын құруға қол жеткізді. Өткен жылы 2070 адам осы бағытта оқытылды. Ал өз жобаларын іске асырғандардың 40 пайызы жұмыссыз азаматтар. 20 пайызы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар екені үлкен жетістік.

Айталық, Біржан сал ауданының тұрғыны — «Бастау» жобасының түлегі Сұңғат Нұржасаров мал шаруашылығында жұмыс істеуге ниет білдірген. Ол алғашында 240500 теңге қайтарымсыз грантка ие болып, тиісті жабдық сатып алыпты. Уақыт өте жас фермердің бизнес-жоспары мақұлданып, «Игілік» бағдарламасымен 4 миллион теңге несие берілген. Бұл қаржыға 14 бас ірі қара сатып алған.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Серік Шайғозов жоғарыдағы бағдарламаны жүзеге асыру үшін биыл республикалық бюджеттен 3 миллиард теңге қаржы бөлінгенін айтты. Бұл несие 5 жылға, жылдық өсімі 6 пайызбен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы бөлініп, көктемгі дала жұмыстары мен ауылдарда жаппай кәсіпкерлікті дамытуға жұмсалады.

Өңірлік картаның өрісі кеңейді

Астрахан ауданында өңірлік кәсіпкерлікті дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған картасы шеңберінде

негізінде, аудандық үйлестіру комиссиясы 7 ауылдық округте дәріхана, 10 ауылда шаштараз, жетеуінде қоғамдық монша, 3 ауылда наубайхана ашу жоспарын бекітті. Сондай-ақ аудан орталығынан елді мекендердің барлығын көлік қатынасымен қамту мәселесі де шешімін тауып келеді.

Жергілікті кәсіпкерлердің ұмтылыстары күнделікті тіршіліктің барлық саласын қамтып отырғаны жергілікті билік тарапынан қолдау табуда. Солардың ішінен шикізат *(жүн,*



«Несие мен микрокредиттер ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнес ашу, ісін жаңа бастаған кәсіпкердің қызметін кеңейту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашу және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін дамыту үшін; қалалар мен моноқалаларда (шағын қалалардан басқа) жаңа микрокәсіпорындар құру, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту үшін ұсынылады».

(«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

тері) дайындау орталықтарын, жылыжай құрылысын, азық-түлік дайындау цехтары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу цехтарын, сүт пен ет сатып алу орындарын, тауарлы-сүт фермаларын, сәен салондарын, жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын, аңшылық және балық өсіру өндірісін, тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ұжымдарын атап өтуге болады. Сонымен бірге сауда, жолаушы және көлік тасымалы қызметіне сұраныс артты. Бұл санаттағылардың қатарына былтыр 145 адамның қосылуы тұрғындардың табысы артып, әлеуметтік жағдайы жақсарғанын көрсетеді.

Өңірлік картадағы ірі жобалар қатарында «Астрахан құс» АӨК» кәсіпорны, «Острогорское» және «Aina Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар. Айталық, «Астрахан құс» АӨК» Новочеркасск селосында жылдық қуаты 3000 тонна құс фабрикасын салды. Жобаның жалпы құны 500 миллион теңге. Кәсіпорын «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша екі траншпен 346 миллион теңге несие алған. Мемлекет тарапынан қолдаудың нәтижесінде

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

«Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақмола облысында былтыр 250 жобаға 2,1 миллиард теңге бөлінді. 13,5 миллиард теңге сомасына 131 жаңа жобаны субсидиялау басталды. Ол бойынша 1,8 миллиард теңге мөлшерінде субсидия төленді. 4 миллиард теңге сомасына несиелер бойынша 170 миллион теңгеге 82 кепілдік берілді. 79 миллион теңгеге 34 грант бөлінді. 862,7 миллион теңгеге инфрақұрылым жүргізілді және 376,9 миллион теңгеге 3 жоба мақұлданды.

Өткен жылғы 24 желтоқсанда «Бизнестің жол картасы — 2025» жаңа бағдарламасы бекітілді. Оған шағын және орта бизнесті қолдау тиімділігін арттыру үшін тұжырымдамалық өзгеріс енгізілді. Бағдарламаны іске асыруға биыл 3,1 миллиард теңге бөлінеді.

Өткен жылы «қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларын несиелеу жұмыс да басталды. «Қарапайым заттар экономикасының» портфелі бүгінгі таңда өңдеуші өнеркәсіптің, агроөнеркәсіп өндірістік кешені саласының және 32,9 миллиард теңгеге қызмет көрсетудің 59 жобасынан тұрады. Оның ішінде 7,8 миллиард теңгеге 44 жоба қаржыландырылды және мақұлданды. Оның ішінде 4,4 миллиард теңге сомасына 17 жоба бойынша субсидиялау шартына қол қойылды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және екінші деңгейдегі банктер 3,5 миллиард теңгеге 27 жобаны мақұлдады. 5 жоба бойынша кепілдік шарттар бекітілді.

Атбасар ауданында 894 миллион теңге несиеге «Баха Sohne» ЖШС сұлы үлгігін өндіретін зауыты, Бурабай кентінде 1938 миллион теңгеге «Астана» астық индустриясы» ЖШС қонақүйінің құрылысы, Степногорск қаласында «Лимфа СИ» ЖШС-нің МРТ аппараты мен медициналық жабдықтарын 180 миллион теңгеге сатып алу сияқты маңызды жобаларға қолдау көрсетілді.

Банктер мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қарауында 17,5 миллиард теңге сомасына 6 жоба, жобалық кенсенің жұмысында 7,6 миллиард теңгеге 9 жоба бар.

Аталған бағдарламалар мен мемлекеттік қолдаудың өзге де түрін іске асыру он нәтижелер береді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3,1 пайызға өсіп, 45,5 мыңды құрады. Оларда жұмыспен қамтылған азаматтар 131 мыңнан астам. Жаңадан 7584 жұмыс орны құрылды. 2019 жылғы қантар мен қыркүйек аралығында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,1 пайыз өсімімен 556,3 миллиард теңгені құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен түскен салық пен төлемдер 43,6 миллиард теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың осы мезгілімен салыстырғанда, 17,4 пайызға артық.

Болашақта экономиканың негізі ретінде жеке кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды жұмыс мемлекеттік органдардың, қаржы даму институттарының және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жалғасады.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Белес

Елімізде саяхатшылықты дамыту қарқын алып келеді. Әр аймақта жергілікті өңірдің тұмса табиғаты мен киелі жерін аралау, тынығу орындарында сауығу дағдылары қалыптасты. Бұл тұрғыда Алматы облысы өз ерекшелігімен ел назарын аударуда. Әсіресе, туризм Жетісудың жақұт мекеніне айналған Алакөлде алға басып келеді.



Ақ айдыны тулап, ақ шағаласы шулаған көл, аңқасы кепкен құм дала, ит тұмсығы батпайтын ну орман, асқары аспан сүйген тау, шүйгін шөбі ат бауырын сипайтын апайтөс дала, сарқыраған өзендер, көрікті жазықтар — мұның бәрін аудан аумағынан таба аласыз. Осындай игіліктерге ие өңірдің туризм саласындағы қадамы мықты. Бұл туралы бізге Алматы облыстық туризм басқармасы туристік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру бөлімінің басшысы Бақытжан Оразбаев былайша әңгімелеп берді: «Өткен жылы Алакөл жағалауында туризмді дамыту мақсатында бірқатар жобалар қолға алынып, жоғары деңгейде орындалды. Айталық, жазғы туристік маусымның ашылуы ұйымдастырылып, көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және туристерді орналастыру орындарының қызметкерлері үшін қонақжайлық стандартын енгізу бойынша семинар-тренинг өтті. Жазғы туристік маусымға дайындық бойынша жұмыс кестесі бекітілді. «Алакөл көлінің курорттық аймағы» жоспарының тұсаукесері, облыстың туризм саласын дамыту келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел, сондай-ақ «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ-мен бірлесіп ұйымдастырылған жобалық кенсенің жиыны өтті.

Ақпараттық басқосуға Алматы, Нұр-Сұлтан, Тараз, Шымкент қалаларынан 40-тан астам туристік фирма және Ақши мен Көктұма ауылдарындағы демалыс аймағы мен базаларының өкілдері шақырылды. Үшарал қаласының әуежайында туристік маусымда келушілерге Алматы облысының туристік әлеуеті, Алакөл және орналастыру орындары жайлы ақпарат беретін «Zhetysu travel» ақпараттық орталығы ашылды. Міне, осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде өңірдегі туризм саласы күн сайын кемелденіп, өркендеп келеді», — дейді.

Иә, Алакөлдің атын асқақтатқан — туризм. Бүгінгі күнге демалыс аймағында күніне 23714 қонаққа қызмет көрсететін 244 демалыс орны жұмыс істейді. Былтыр кәсіпкерлердің жеке қаражатынан 1291 орынды 35 нысан пайдалануға беріліп, аудан экономикасына 2,6 млрд теңгенің инвестициясы тартылды. Соның арқасында демалушылардың саны 1 миллион 340 мың адамға жетсе, 7 млрд 951 млн теңгенің ақылы қызметі көрсетілген.

Алакөлде атқарылып жатқан игілікті істердің бәрі осы өңірдегі туризм саласының дамуына себепші болып отыр. Сондықтан өңірде қандайда да бір нәтижелі жұмыс басталмас бұрын сол жобаның туризм саласын өркендетуге тигізетін ықпалын бірінші ойластыру дағдыға айналған.

Көрікті көлге сапарлай келген меймандар саны алдыңғы жылы 1 миллионнан асып жығылды. 5,9 млрд теңгенің ақылы қызметі көрсетілді. Сол жылы 32 демалыс орны ашылды. Сонымен қатар туризмнің қазаны қайнаған Ақши ауылында көшіні жарықтандыру мен жол жөндеуде де ілгерлеу бар. Ал Үшарал әуежайы арқылы ауданға 10 мыңға жуық адам келді. Мәліметтерге сүйенсек, 2015-2019 жылдар аралығында туристер саны 2,4 есеге, ақылы қызмет көлемі 2,7 есеге, жұмыспен қамту 1,5 есеге артқан.



Бұл жерде жергілікті тұрғындар маусымдық жұмыспен қамтылған. Жалақылары да жоғары. Ессіне, меймандарға кәсіби, сапалы қызмет көрсетуге міндеттелген. Мұның барлығы саяхатшыларды көбейтуге, туризмді табыс көзіне айналдыруға дөңкер болып тұр.

Қонақтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында өткен жылы Алакөл демалыс аймағында саябақ құрылысы басталып, биыл шомылу маусымына дейін пайдалануға берілмек. Көл жағалауының 13,6 шақырыммен бекіту, демалыс аймақтарына орталықтандырылған ауызсу және



«Қазақстанның барлық өңірлерінде ауыл туризмін дамыту перспективалары зор болғандықтан, туризм жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қолданылатындарды жаңғыртуы, ал қажеттілік кезінде жаңа көлік инфрақұрылымын жасауы, өңірде туризммен айналысатын шағын және орта бизнесті қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындауы қажет».

(Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейін тұжырымдамасынан)

көріз жүйелерін жүргізу, Ақши ауылының жол жиегін абаттандыру, волейбол, футбол және үлкен теннис алаңын салу жұмыстары да басталмақ.

Көл жағалауында қауіпсіздікті сақтау үшін аудан басшылығы алдағы уақытта арнайы көлік қоятын алаңдар дайындап, ескерту белгілерін орнатуы көздеп отыр. Қауіпсіздігі үшін басқа да кезек күттірмес шаралар қолға алынуда.

Біз Жетісу өңіріндегі туризмді дамытуға байланысты қысқаша ғана айттық. Негізінде, бұл аймақта жергілікті туризмді дамытуға мүмкіндік көп. Бұл мәселемен қазір мамандар мықтап айналысуда.

Қажет АНДАС,

Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Жаңғырық

Былтыр тамыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға барған сапарында Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап өту және оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастама көтерген еді. Президент Жошы ханның тарихи рөлін еске сақта отырып, бұл мәселеге келешекте маңыз берілетіндігін де ерекше айтты.



Иә, біз төл тарихымыздың ақтандақ беттерін аша алмай келеміз. Сондай шындығы мен тағлымы толық зерделенбей отырған түйткілдердің бірі — Алтын Орда тарихы. Әлде тарихи жазба деректерге сүйеніп, Көк Орда дегеніміз дұрыс па? Толыққанды жауап та, баламалы пікірлер де бір арнаға түспей тұр. Ортақ

тұжырымның ауылы алыс. Осы тұста шындығында тарихтағы оқиғалар қалай өрбіген деген сауалдың қойылары сөзсіз. Ендеше, сол сауалға жауап іздеп көрейік. Тарихшылардың зерттеуі бойынша Президенттің айтып отырғаны — Жошы ұлысы толық тәуелсіздік алған Талас құрылтайының 750 жылдығы. Бұл құрылтай 1269 жылы қазіргі Қазақстан мен Қырғызстан аумақтарының түйісер жерінде, Талас өзенінің бойында өткен. Осы құрылтай туралы соңғы уақыттарда ғана айтуды бастадық.

Тәуелсіз Жошы ұлысының, яғни Алтын Орданың тарих сахнасына келуінің өзіндік алғышарттары бар

Алтын Орданың тарихын пәнаралық байланыстар бойынша зерттеу керек. Мәселен, тарих, деректану, археология, тарихи география, қосалқы тарихи пәндерді тоғыстыру арқылы ізденістер іргелі ғылыми нәтижелерге әкелер еді.

болатын. Әкесі Шыңғыс хан бөліп берген аумақта дербес мемлекет құруға оның үлкен ұлы Жошы әуел баста бар күш-жігерін жұмсады. Алайда оны жүзеге асыра алмады. 1227 жылғы қыста Жошы ханның дүниеден өтуі, оның ұлы Батуға *(орыс деректерінде Батый)* жаулап алу соғыстарын жүргізуге жағдай жасады. Батудың жорықтары нәтижесінде Шыңғыс ұрпақтары кең-байтақ аумаққа ие болды. Оның шегі батыста — Днестрге, шығыста — Ертіске, Солтүстікте — Батыс Сібір ойпатына, Оңтүстікте — Солтүстік Кавказға дейін жетті. Бату иеліктерінің құрамына оңтүстік-шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төменгі жағындағы жерлер енді. Оңтүстік орыс княздіктері де Батуға тәуелді болды. Осындай алпауыт мемлекет шығыс деректемелерінде Көк Орда, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деп аталды. Астанасы алғашында Еділ бойындағы Сарай Батуда болса, кейін Сарай Беркеге көшірілді. Ұлы даланың қақ ортасында қала салу дәстүрі алтынордалық хандардың дәстүріне айналған. Көптеген тарихи жазба деректер қазіргі Атырау облысында Сарайшық деген қаланың Алтын Орда астаналарының бір болғандығын дәлелдейді. Қазіргі уақытта осы жерде Сарайшық қаласының орны сақтаулы, тарихи музейі де бар. Ал Атыраудың өзі ежелгі алтынордалық қала болған. Жергілікті тұрғындар кеңестік кезеңде оны «Үйшік» деп атаған.

Алғашында «Алтын Орда» деген ұғым болмаған. Көне түркілер орда деген атауды пайдаланған. Кейінгі деректерде Көк орда деген атаумен белгілі. Мұны да тарихи жазба деректер бойынша дәлелдеген қазақстандық шығыстанушы Вениамин Юдин. Алтын Орда деген атауды орыстар берген. Бұл атау орыс деректерінде тек XVI ғасырдың аяғында пайда болған. Сол деректер бойынша кеңестік кезеңдегі тарихшылар Алтын Орданың құрылуын 1243 жыл деп есептеді. Қадап айтуға тиіс мәселе, 1980-жылдарға дейін Алтын Орда тақырыбы жабық болды. Себебі 1944 жылы КСРО-да ресми түрде Алтын Орданың тарихын зерттеуге қатаң тыйым салынды. Сол кезде «Едіге» тарихи-батырлық жыры реакциялық деп танылып, қолдануға тыйым салынды. Сол «Едігенің» өзіне биыл 600 жыл толады. Сталиндік құғын-сүргіннің соңғы сатысында қазақ тарихын шынайы, ұлттық тұрғыда зерттегендер қудаланғандығы белгілі. Әлкей Марғұлан астанаға жоламай, дала кезіп кетті. Қаныш Сәтбаевтың ізін аңдыды. Ермұқан Бекмаханов түрмеге тоғытылды. «Неге?» деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Себебі өзіндік мықты саясаты, заннамасы, тегеурінді ықпалы, дамыған экономикасы, жетілген әлеуметтік құрылымы, өркендеген қала мәдениеті, бай жазу-сызуы, әдебиеті бар кең мағынадағы мемлекетті кеңестер елі мойындағысы келмеді. Өздерін «аға ұлт» санайтындар «кіші інісінің» тарихағы жетістіктерін

көзге де ілмеді. Дешті Қыпшақты, тіпті бүкіл Еуразия даласын мекендеген көшпенділердің, яғни түркілердің орасан зор аумақты бағындырған мемлекетінің тарихы кеңестік идеологияға көленке түсірді. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, Алтын Орда барлық түркі тайпаларының басын қосқан, ортақ мәмлеге келтірген алып мемлекет болды. Оның аумағында отырықшы шаруашылықпен айналысқан Еділ бұлғарлары, половецтер *(қыпшақтар)*, славяндар *(орыстар)*, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар, аландар, хорезмдіктер тұрды.

Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойына қоныс аударған монғолдар аз болған жоқ. Олар кейін жергілікті түркі тілдес халықтармен *(сіңісін кетті)*. Сөйтіп, өздері түркіленді. Бұл түркілік кодтын мықтылығы

керісінше тездетті. Алтын Орда Қазақ мемлекетінің құрылуына жол ашты. Орда Қазақ хандығының тарих сахнасына келуін жылдаматты.

Алтын Орда Қазақ хандығының бастауы болып саналады. Алайда ғылымда бұндай пайымдарға ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы жол берілмеді. Орда тарихы ежелгі түркілермен, олардағы мемлекеттілікпен тығыз байланысты болғандықтан, ол туралы жұмған ауыз ашылмады. Қазақ хандығы



Алтын Орда татылымы



мен тамырының терендігін көрсетеді. Сондықтан биліктегілер оны еске түсіріп, дәріптеуден сескенді. Оны дәріптеу деген сөз түркі тарихы мен мәдениетін дәріптеуді білдірді. Осы тұста «Игорь жасағы туралы» *(Слово о полке Игорове)* жырдың негізінде Еуразия даласын мекендегендердің түбі бір түркілер екендігін дәлелдеген Олжас Сүлейменовтің «АЗИЯ»сы ерексіз еске түседі. Тәуелсіздік алғанша, бұл еңбекті пайдалануға тыйым салынғаны көп нәрседен хабар береді.

Алтын Орда туралы жазылып, айтылса да, оның алпауыт, тұрақсыз, кіші алауыздықтарға толы, ақыр соңында ыдырап кеткен мемлекет түрінде көрсетті. 1980-жылдары Алтын Орданың тарихымен арнайы мамандар ғана айналысты. Осы кезде Илияс Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясы жарық көрді. Соған қарамастан, «қалыңдығы пышақтың қырындай ғана» деп баға берілген мектеп және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда кеңестік идеологияның шеңберінде тарих орын алды. Мұның өзі Алтын Орда тарихын бұрмалауға, оны тарихи жадтан өшіріп тастауға жол ашты. Соның кейбір қалдықтары қазір де көрініс береді. Отандық тарих ғылымында Алтын Орданың келенсіз тұстарын көрсететін баяндаулар әлі бар. Жалпы, Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының жаулап алу жорықтарының зардаптарын ғана паш ету сонау XIII-XIV ғасырлардағы араб және парсы тарихшыларынан басталған. Сол үдеріс күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Орданың саяси, әкімшілік, мәдени жетістіктерін әлсіз деп көрсетуге басымдық берілді. Ғылымда «монғол шапқыншылығы жергілікті халықтар мен елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына орасан зор шығын әкелді. Елдің саяси және мәдени байланыстарын үзіп, шаруашылығын күйретті. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы отырықшы, қала мәдениеті мен егіншілігі гүлденген аудандары тапталды. Қалалар мен елді мекендер Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент сияқты ірі орталықтар қиратылып, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті» деген тұжырым берік орнықты. Бұған қоса, зерттеушілір монғол шапқыншылығы қазақ халқының қалыптасуының аяқталуын екі жүз жылға кешейілдетті деп есептейді. Шындығында, оны кешейілдеткен жоқ,

мен Орданың өзара сабақтастығы туралы зерттеулер енді ғана қолға алынып келеді. Посткеңестік кезеңде бұл мемлекеттің тарихын отандық тарихшылар Әшірбек Момынов, Меруерт Әбусейітова, Жұлдыз Төлебаева, Александр Калдырбаев, Айболат Көшкімбаев, Радик Темірғалиев, Нәпіл Базылхан зерттеп, зерделеуле. Десек те, оның тарихи жазба деректерге негізделген кешенді, шынайы тарихы әлі де жазылмай келеді. Қазақстандық тарихшылармен салыстырғанда Татарстан зерттеушілері Алтын Орданың өткенін ертерек әрі түбегейлі қарастырды.1990-жылдардың өзінде Қазан ғалымдарды Алтын Орда бойынша ауқымды зерттеулер жүргізді, оның мұрасын танымал етті. Алтын Орданың тарихта алатын орны мен рөлі ерекше зерттеуді қажет етеді. Ең алдымен, мемлекеттің саяси өмірі және басқару құрылысы назар аудартады. Алтын Орда бір орталықтанған мемлекет болды. Хан билігі құрылтай арқылы жүргізілді. Мұның өзі құрылтайдың қазіргі құқықтық мемлекеттердегі парламенттік басқару түріне жақын тұрғандығына көз жеткізеді. Қоғамды басқару заң, яғни «Яссы» арқылы іске асырылды. Занның үстемдігі мойындалды, барлығы заңға жүгінді. Бұл дегеніңіз — қазіргі құқықтық мемлекеттің бастауы. Тарих пен әлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, заң үстемдік еткен мемлекет дамыған елге айнала алады. Әскери негіздегі мемлекеттің Қарулы Күштері мыңдаған адамдардан тұрды, он және сол қанаттарға бөлінді. Әскерді түменбасы, мыңбасы, жүзбасы деген сияқты лауазымды адамдар басқарды. Мемлекеттік басқару аппаратында әмірлер, оғандар, даруғабектер және олардың көмекшілері бақауыл, тұтқауыл, жасауыл және т.б. қызмет етті. Бұл Алтын Ордада мемлекеттік қызметтің иерархиясы, яғни сатылары анықталғандығын, олардың әрқайсысының атқаратын қызметтерінің нақты көрсетілгендігін дәйектейді. Сонымен қатар салық жүйесі қалыптасып, жетілді. Өзіндік валютасы аналымға түсті. Демек, Алтын Орда барлық мемлекеттік нышандары қалыптасқан іргелі мемлекет түрінде өмір сүрді.

Алтын Орда халқының шаруашылығы, мәдени даму дәрежесі, діни наным-сенімдері әртүрлі болды. Дегенмен, баса көрсететін бір ерекшелік — Алтын Ордада ислам діні кең таралды. Берке хан тұсында ислам діні

Жібек жолымен байланысты айтылады. Ата-бабаларымыздың қала салу және оны дамыту дәстүрін қазір де жалғастырып келеміз.

Ордада сауда, керуен және пошта жолдары дамыды. Елшілік қатынастары берік орнады. Бұл туралы XIX ғасырда орыс шығыстанушы ғалымдары, өздерінің еңбектерінде жазды.

Ендеше, орда тарихының заманауи мемлекеттерге, үлгі болар тұстары жеткілікті. Сондықтан да оның тарихын қайта зерделеп, әлемге таныту қажет. Ол үшін мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға Алтын Орда туралы жанарған, тарихи деректер арқылы дәйектелген мәліметтер мен баяндауларды енгізу қажет. Жоғары оқу орындарында «Алтын Орда және Қазақ хандығы: тарихы және сабақтастығы» тәрізді арнайы курстарды енгізсек, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақстанның орда мұрагері екендігін ашып айтатын кез келді деп санаймыз. Бір сөзбен айтқанда, тарихи сананы жанғырту аясында Алтын Орда туралы көзқарасымызды өзгертуіміз қажет.

Алтын Орданың тарихын пәнаралық байланыстар бойынша зерттеу керек. Мәселен, тарих, деректану, археология, тарихи география, қосалқы тарихи пәндерді тоғыстыру арқылы ізденістер іргелі ғылыми нәтижелерге әкелер еді.

Жастарды тарих арқылы тәрбиелеу тұрасында айтар болсақ, Алтын Орда тарихын насихаттайтын кинофильмдер түсірілуі керек. Мәселен, орда хандарының өмірі мен қызметі, ордаладағы керуен және сауда, пошта жолдары, исламды мемлекеттік дін ретінде жариялаған Өзбек хан туралы жастарға ой салатын, қоғамды дамытуға идея беретін көркем фильмдер қажет. Пошта жолдары демекші, XIX ғасырда атакты Жәңгір хан ордасында ресми іс қағаздарын шабармандар арқылы тасымалдауда Алтын Орда тұсындағы пошта бекеттерін жанғыртқан.

Қорыта келе, төл тарихымызды қастерлеуге, одан тағылым алуға, насихаттауға үйренгеніміз жөн демекпін. Кешегісін білмеген елдің болашағының бұлынғыр болатынын естен шығармайық.

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ӘЛ ФАРАБИ - 1150



Өркениеттің ұлы ойшылы Әл Фараби бабамыздың туғанына 1150 жыл толуына орай басталатын салтанатты шаралардың тұсаукесері Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтуінде зор мән бар. Қасиетті қара шаңырақтағы Әл Фараби орталығы ғұлама ғалымның мол мұрасын жан-жақты насихаттауда әлемдік деңгейге қадам басты. Біз осы орайда аталған орталық директоры Бекжан Мейірбаевты сөзге тартқан едік.

Жас qazaq: Әл Фараби — әлемдік өркениеттің рухани игілігі. Ол әлемді тануға және бүкіл адамзаттың рухани дамуына теңдессіз үлес қосқан ғұлама. Осы орайда университетте құрылған Әл

мазмұнды ақпараттарды жұртшылыққа дер кезінде жеткізу онтайландырылды. Яғни ғалымның өнегелі өмірі, еңбектері өте колжетімді бола түсті.

Жас qazaq: Осы орайда жаңа сайтты да іске қосыпсыздар. Мұның тиімділігі қандай?

Б.Мейірбаев: Бұрын көп жаңалық тек мамандар мен ғылыми ізденушілер арасында талқыланып, жалпыға бірдей жеткізе алмайтынбыз. Енді виртуальды бағытқа көшу арқылы орталық қызметін түбегейлі жаңғыртуға кірістік. Бұл жаңалыққа Мемлекеттік хатшы Қ.Көшербаев, салтанатты жиынға келген зиялы қауым да куә болды. Сайтта ғалымның өмірбаяны, шығармашылығы, Фарабитану жұмыстарының барлығы қамтылған. Осылайша құнды дүниелерді бір ресурсқа жинақтадық.

Сайтты қалыптастыруда негізге алған принциптердің бірі — invisible college (*көрінбейтін колледж*) қағидаты. Осылайша, бірінші бағытымыз — фарабитанудағы

Қазақстанның түпкір-түпкірінде биылғы мерекелік шаралар аясында қалыптасып жатқан Әл Фараби орталықтарын да үйлестірушісі болу. Ондағы жұмыстарды тұрақты насихаттаймыз. Қазір сайт қазақ, орыс және ағылшын тілінде жұмыс істейді. Сондықтан өзге ұлттардың оқуына да келергі жоқ.

Университетте магистрлік және докторлық бағдарламалардың шеңберінде Әл Фараби шығармашылығын, оның негізгі идеяларының бүгінгі әлеуметтік-гуманитарлық мәселелермен ұштасуын



Рухани игілік насихатталады

Фараби атындағы орталықтың орны бөлек. Әңгімені де осыдан бастасак...

Б.Мейірбаев: Ғаламда Аристотельден кейінгі «екінші ұстазы» атанған кемеңгер тұлғаның халқымыз үшін орны бөлек. ЮНЕСКО шешімімен тойланатын мәдени-рухани шараға Мемлекет басшысы да зор мән беріп отыр. Ал Әл Фараби мұрасын зерделеуге жаңа серпін беру, әлем тарихындағы оның ролін айқындап, есімін ұлттық бренд ретінде ұлықтауға біздің университет ерекше үлес қосып отыр.

Көп адамға орталық енді ғана құрылып, фарабитану енді ғана басталып жатқандай көрінеді. Негізінде орталық 1993 жылдан бері жұмыс істейді. Алғашқы директоры, профессор Ағын Қасымжанов, соңғы уақытқа дейін профессор Жакыпбек Алтаев басқарып келді. Осыған дейін мекемені басқарған азаматтар данышпан ғалымның құнды дүниелерін жұртшылыққа таныстыруда ерекше еңбек етті. Көптеген бағдарламалар мен жобалар іске асырылды. Биыл Әл Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай мерекелік шаралар ұйымдастыруды ЮНЕСКО қолдап отырғандықтан, ұлы бабаның мұраларына деген көзқарас заман талабына сай өзгеріп жатыр. Қазіргі ақпараттық қоғамда, ең бастысы, цифрлық құралдарды қолдану арқылы барынша тарату күн тәртібінде тұр. Фарабитану бойынша



ізденістер мен мақалаларды жалпыға ұсыну, оған пікір жазуға мүмкіндік беру. Сайтта ұсынылған пікірталас алаңында жан-жақты ойласуға мүмкіндік бар. Екінші бағыты — білім беру. Өйткені, Фараби шығармашылығынан сырт қалған азаматтар, мәселен, жастар болмаса, шетел азаматтары университетте жасалған «Әл Фараби және қазіргі заман» деп аталатын бұқаралық онлайн курсқа жазылып, өз білімдерін толықтыра алады.



Тіпті оны әлемнің кез келген жерінде отырып та оқуға болады.

Жас qazaq: Әлемнің 12 еліндегі танымал университеттерде Әл Фараби орталығы бар екен. Ол жерге келушілер қандай жаңалықтарды біле алады?

Б.Мейірбаев: Бүгінде 12 жетекші университеттерде Әл Фараби орталығы, ал Ыстамбұл мен Делиде Әл Фараби атындағы мұражай-үй бар. Келешекте бұл орталықтарды, бірлескен жобаларды көбейту жоспарлануда.

Біздің мақсатымыз — шетелдегі әзірге 12 Әл Фараби орталығының және

зерттеуге арналған диссертациялар саны күн санап артуда. Міне, соларды да жұрт назарына ұсынып отырамыз. Жылда өтетін «Фараби оқулары» он күндігі аясындағы «Халықаралық Фараби форум», жас ізденушілерге арналған «Фараби әлемі» халықаралық студенттердің ғылыми-зерттеу конференциясы секілді маңызды шаралар ұлы бабамыздың еңбектерін насихаттау мен зерделеуге серпін беріп келеді.

Жас qazaq: Қазір дала данышпанына арналған музей аштыңыздар. Жұрт назарына не ұсынып отырсыздар?

Б.Мейірбаев: Музейде біраз құнды заттар да, еңбектер де бар. Рухани құндылықтар ең алдымен, ғұламаның рухани идеялары мен ойларын қандай да бір материалдарлық образдағы көріністері арқылы жеткіздік.

Осылайша орталық қайта жаңғыртылды. Оның ішінде мультимедиялық құралдарды барынша тиімді қолдануға тырыстық. Проекцияланатын кітап, диаграммаларды түсіндіретін инфокиосктер, интерактивті такта сияқты заманауи технологиялық құралдарды пайдалану арқылы көрерменге жақындатуға күш салдық. Әл Фараби өмірінің әр кезеңі мен ұлы ойшыл болған калаларды барынша көрнекі жеткізуге тырыстық. Сонымен бірге қазіргі кезде өтіп жатқан конференцияларға қатысты жинақтарды да осы жерден көруге болады.

Орталық пен мұражайдың басты мақсаты — Әл Фарабидің мұрасын барынша дәріптеу болғандықтан, алдағы уақытта студенттермен қатар, Алматыдағы мектеп колледж студенттерін де тамашалауға шақыратын боламыз.

Жас qazaq: Алда тағы қандай жоспар бар?

Б.Мейірбаев: Жоба да, жұмыс та көп. Мысалы, Абай музейінің өкілдерімен бірлескен жын өткізбекпіз. Республикалық деңгейдегі шаралар да жеткілікті. Әсіресе жақын арада «Әл Фараби ізімен» атты ғылыми экспедиция жұмысын бастайды. Барлық іс-шаралар ғылымға және білімнің дамуына лайықты ықпал етеді деп сенеміз.

Дамаск қаласында, ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде, Парижде өтетін шараларға да атсалысамыз. Тіпті жастар қолға алған имидждік жоба «Қайырымды қала» эстафетасы да керемет бастама. Ол қоғамға, қалаға қайырымдылық жасауға негізделген Фараби идеяларын насихаттаумен ұштасады. Бұл және басқа да арнайы шараларға, биылғы әлемдік деңгейде аталынып отырған Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының ерекше мәртебесі барынша насихатталады.

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ



PRAVILA-СЫЗ.KZ

Республикалық маңызы туралы ақпарат жолдар шарасы



ЖОЛДАР ҚАЗАҚСТАНДА ЖАБЫЛДЫ ҚАНДАЙ

02/08/2020 pravila.kz 0

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА АЙМАҚ КОДЫН ЕНГІЗІЛДІ
01/27/2020 pravila.kz Жаңалықтар

Қазақстанда жаңа аймақ кодын енгізді ЕурАзЭҚ-тың көлік бойынша - 18

Автомобильдер, уақытша тіркелгеннен кейін ЕурАзЭҚ елдерінің Қазақстанға въезолнуе LSC өткен брифингте бойынша аймақ кодын 18, ішкі істер министрі Марат тері министрінің бірінші орынбасары жаңа сары нөмірлерін алуға.

ҚАЗАҚСТАНДА ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУ ҚҰНЫ ҚАНДАЙ
01/27/2020 pravila.kz Жаңалықтар

Қазақстанда шетелдік нөмірі бар көліктерді заңдастыру құны қандай, республикалық акциясы «Жолдағы қабылдау» акциясы аясында өткізілген баспасөз мәслихатында Алматы әкімшілігі полиция департаменті Жандос Murataliev басшысы.



КІМ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНДЕ ТҮСІНДІРДІ, АВТОКӨЛІК ТІРКЕУ КЕРЕК

01/17/2020 pravila.kz 0

Қателер pravila.kz сайтынан алынды



ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА АЙМАҚ КОДЫН ЕНГІЗІЛДІ

ЕурАзЭҚ-тың көлік үшін Қазақстанда жаңа аймақ кодын енгізді - 18 (нақтырақ ...)

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032



Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2197;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 32 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» ауежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.